



Пайдалануышы нұсқаулығы

© Copyright 2014 Hewlett-Packard  
Development Company, L.P.

AMD белгіci - Advanced Micro Devices, Inc. корпорациясының сауда белгіci. Bluetooth өз меншік иесінің сауда белгіci болып табылады және оны Hewlett-Packard компаниясы лицензия бойынша пайдаланады. Intel – Intel корпорациясының АҚШ-тагы және басқа елдердегі сауда белгіci. Microsoft және Windows – Microsoft компаниялары тобының АҚШ-тагы тіркелген сауда белгілері.

Осы күжатта берілген акпарат ескертусіз өзгертиледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындағы өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы күжаттагы ешкандай мәліметтер косымша кепілдік деп түсінілмеу тиіс. HP компаниясы осы күжаттагы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші басылым: караша, 2014 ж.

Күжат бөлігінің номірі 795081-DF1

### Өнім ескертүi

Бұл нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктері сипатталған. Кейбір мүмкіндіктер компьютерінізде болмауы мүмкін.

Барлық мүмкіндіктер барлық Windows нұсқаларында жұмыс істемеуі мүмкін. Windows жүйесінің мүмкіндіктерін толығымен пайдалану үшін, компьютердегі аппараттық құралды, драйверлерді және/немесе бағдарламалық құралды жаңарту және/немесе болек сатып алу қажет болуы мүмкін. Толық акпаратты <http://www.microsoft.com> бөлімінен караңыз.

Соңғы ашылған пайдалануышы нұсқаулығын ашу үшін, <http://www.hp.com/support> мекенжайы бойынша сілтемені ашып, еліңізді таңдаңыз. **Драйверы и загрузки** (Драйверлер мен жүктеулер) тармагын таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Бағдарламалық құрал шарттары

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнату, қошіру, жүктеп алу немесе басқа жолмен пайдалану арқылы, HP Тұпкі пайдалануыш лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуга келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, колданылмаған өнім каражатын кайтару ережелеріне сәйкес төленген каражатты толық қайтарып алу үшін, пайдаланбаған өнімді (аппараттық және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтаруыңызға болады.

Қосымша акпарат үшін немесе компьютердің толық құнын кайтаруға талап калдыру үшін, сатушымен байланысуыңызды сұраймыз.

## Қауіпсіздік туралы ескерту хабары

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Қызып кетуге байланысты зақымдарды немесе компьютердің қатты қызып кету жағдайын азайту үшін компьютерді тізенізге қоймаңыз немесе компьютердің ауа жедеткішін бітеменіз. Компьютерді тек қатты, тегіс беткейге қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты заттың немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беткейдің ауа ағынын бөгөуіне жол берменіз. Сонымен қатар, жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950-1) арқылы белгіленетін пайдалануышы үшін рұқсат етілген бет температурасына сәйкес келеді.



## Процессордың конфигурациялық параметрлері (тек таңдаулы үлгілерде).

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Компьютердің таңдаулы үлгілері Intel ® Pentium ® N35xx сериялы немесе Celeron ® N28xx/N29xx сериялы процессормен және Windows ® амалдық жүйесімен жабдықталады. Жоғарыда сипатталған компьютерде msconfig.exe файлында процессордың конфигурациялық параметрлерін 4 немесе 2 процессордан 1 процессорға өзгертпейіз. Егер өзгертсөніз, компьютер қайта қосылмайды. Тұпнұсқалық параметрлерді қалпына келтіру үшін, зауыттық қалпына келтіруді жүзеге асыру қажет.



# Мазмұны

<b>1 Қосылғанда жанатын шам .....</b>	<b>1</b>
HP Apps Store дүкеніне өту .....	1
Ең жақсы тәжірибе .....	1
Қызықты әрекеттер .....	2
Қосымша HP ресурстары .....	3
<b>2 Компьютермен танысу .....</b>	<b>5</b>
Аппараттық және бағдарламалық құрал туралы мәліметтерді табу .....	5
Аппараттық құралды табу .....	5
Бағдарламалық құралдарды табу .....	5
Оң жақ .....	6
Сол жақ .....	8
Дисплей .....	11
Жоғарғы жағындағы .....	12
Сенсорлы такта .....	12
Шамдар .....	13
Түймешік пен ұндеткіштер .....	14
Пернелер .....	15
Түбіндегі .....	16
Жапсирмалар .....	16
<b>3 Желіге қосылу .....</b>	<b>18</b>
Сымсыз желіге қосылу .....	18
Сымсыз басқару элементтерін пайдалану .....	18
Сымсыз байланыс түймешігін пайдалану .....	19
Амалдық жүйе басқару элементтерін пайдалану .....	19
Мәліметтер мен диск жетектерін ортақ пайдалану және бағдарламалық құралдарға қатынау .....	19
WLAN құрылғысын қолдану .....	21
Интернет провайдерін пайдалану .....	21
WLAN желісін орнату .....	22
Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу .....	22
WLAN жүйесін қорғау .....	22
WLAN желісіне қосылу .....	23
Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) .....	24
Сымды желіге қосылу .....	24

Жергілікті желіге (LAN) қосылу .....	24
<b>4 Қөніл көтеру мүмкіндіктерін пайдалану .....</b>	<b>25</b>
Мультимедиа мүмкіндіктері .....	25
Веб-камераны пайдалану .....	27
Дыбысты пайдалану .....	27
Үндегтіштерді қосу .....	27
Кұлақаспаптарды және микрофондарды қосу .....	27
Beats Audio (тек таңдаулы үлгілерде) мүмкіндігін пайдалану .....	27
Beats Audio басқару тақтасын ашу .....	27
Beats Audio қосу және өшіру .....	28
Аудио мүмкіндіктерін тексеру .....	28
Бейнені пайдалану .....	28
Видео құрылғыларын HDMI кабелін пайдалану арқылы қосу .....	29
HDMI арқылы дыбысты реттеу үшін .....	29
Miracast-үйлесімді сымсыз дисплейлерді табу және оларға қосылу (таңдаулы AMD үлгілерінде) .....	30
Miracast-үйлесімді сымсыз дисплейлерді табу және оларға қосылу (тек таңдаулы үлгілерде) .....	30
<b>5 Экранда шарлау .....</b>	<b>31</b>
Сенсорлы тақтаны және құмылдарды пайдалану .....	31
Тұрту .....	31
Жылжу .....	32
2 саусақ көмегімен қысып масштабтау .....	32
2 саусақпен басу .....	33
Айналдыру (тек таңдаулы үлгілерде) .....	34
Сызу мүмкіндігі (тек таңдаулы үлгілерде) .....	34
Жиектерді сипау .....	34
Саусақты оң жақ жиектен жылжыту .....	35
Саусақты сол жақ жиектен жылжыту .....	35
Саусақты үстінгі жиектен жылжыту .....	36
Сенсорлы экран іс-құмылдарын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) .....	36
Бір саусақты сырғыту .....	36
Тұрту .....	37
2 саусақ көмегімен қысып масштабтау .....	37
Айналдыру (тек таңдаулы үлгілерде) .....	38
Саусақты жиектен жылжыту .....	38
Саусақты оң жақ жиектен жылжыту .....	38
Саусақты сол жақ жиектен жылжыту .....	39

Саусақты үстіңгі жиектен жылжыту және төменгі жиектен жылжыту .....	39
Пернетактаны және тінтуірді пайдалану .....	40
Пернелерді пайдалану .....	40
Әрекет пернелерін пайдалану .....	40
Windows жүйесінің пернелер тіркесімдерін пайдалану .....	41
Пернелер тіркесімдерін пайдалану .....	41
Кірістірілген сандық пернетактаны пайдалану .....	42
<b>6 Қуат басқару .....</b>	<b>43</b>
Ұйқы немесе кұту күйін қосу .....	43
Ұйқы қүйін қолмен бастау және шығу .....	43
Кұту күйін қолмен бастау және шығу (тек таңдаулы үлгілерде) .....	44
Оянған кезде сұралатын құпия сөзбен қорғау .....	44
Куат көрсеткішін және қуат параметрлерін қолдану .....	44
Батареяның қуатымен жұмыс істеу .....	45
Пайдаланушы ауыстыратын батареяны шығару .....	45
Батарея туралы ақпаратты табу .....	46
Батарея қуатын ұнемдеу .....	46
Батарея зарядының төмен деңгейлерін анықтау .....	47
Төмен батарея деңгейі мәселесін шешу .....	47
Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу .....	47
Ешқандай қуат көзі болмағанда төмен батарея деңгейін шешу .....	47
Компьютер кұту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу .....	47
Пайдаланушы ауыстыратын батареяны сақтау .....	47
Пайдаланушы ауыстыратын батареяны тастау .....	48
Пайдаланушы ауыстыратын батареяны ауыстыру .....	48
Сыртқы айнымалы ток қуатын іске қосу .....	48
Қуат мәселелерін шешу .....	49
HP CoolSense (тек таңдаулы үлгілерде) .....	49
Компьютерді өшіру (сөндіру) .....	49
Гибрид графикалар және AMD қосарлы графикалары (тек таңдаулы үлгілерде) .....	50
Гибрид графикаларды қолдану (тек таңдаулы үлгілерде) .....	51
AMD қосарлы графикалық режимдерді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) .....	51
<b>7 Компьютерге техникалық қызмет көрсету .....</b>	<b>52</b>
Компьютер жұмысын жақсарту .....	52
Дискілер ұстау .....	52
HP 3D DriveGuard пайдалану .....	53
HP 3D DriveGuard қүйін анықтау .....	53

Дискіні дефрагментациялау құралын пайдалану .....	53
Дискіні тазалау құралын пайдалану .....	54
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту .....	54
Компьютерді тазалау .....	54
Тазалау іс рәсімдері .....	55
Дисплейді тазалау (көп қызметті компьютерлерде немесе ноутбуктерде) .....	55
Компьютердің жақтары немесе қақпағын тазалау .....	55
Сенсорлы тақта, пернетақта немесе тінтуірді тазалау .....	55
Компьютерді сапарға алып шығу немесе тасымалдау .....	55
<b>8 Компьютер мен ақпаратты қорғау .....</b>	<b>57</b>
Құпиясөздерді пайдалану .....	57
Windows жүйесінде құпиясөздерді орнату .....	58
Setup Utility (BIOS) құпия сөздерін орнату .....	58
Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралын пайдалану .....	59
Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану .....	59
Қалқан бағдарламалық құралын пайдалану .....	59
Бағдарламалық құрал жаңартуларын орнату .....	60
Корғаныс жүйесінің маңызды жаңартуларын орнату .....	60
HP компаниясының және үшінші тарап бағдарламалық құралдарының жаңартуларын орнату .....	60
Сымсыз желіні қорғау .....	60
Бағдарламалық құрал қолданбаларының және мәліметтеріндегі сақтық көшірмелерін жасау .....	60
Қосымша қауіпсіз кабель құлпын пайдалану .....	61
<b>9 Setup Utility (BIOS) және HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) пайдалану .....</b>	<b>62</b>
Setup Utility (BIOS) утилитасын басу .....	62
BIOS нұсқасын жаңарту .....	62
BIOS нұсқасын анықтау .....	62
BIOS жаңартуын жүктеп алу .....	63
HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) пайдалану .....	64
HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралын USB құрылғысына жүктеу .....	64
<b>10 Сақтық көшірме жасау, алдыңғы құйіне қайтару және қалпына келтіру .....</b>	<b>66</b>
Қалпына келтіру құралы мен сақтық көшірмелер жасау .....	66
HP қалпына келтіру медиа құралдарын жасау (тек таңдаулы үлгілерде) .....	66
Windows құралдарын пайдалану .....	68
Алдыңғы құйге қайтару және қалпына келтіру .....	68

HP Recovery Manager арқылы қалпына келтіру .....	69
Жұмысқа кіріспес бұрын маңызды ақпаратпен танысу қажет. ....	69
HP Recovery бөлімін пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) .....	70
HP жүйені қалпына келтіру құралы көмегімен қалпына келтіру .....	70
Компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту .....	71
HP Recovery бөлімін жою (тек таңдаулы үлгілерде) .....	71
<b>11 Техникалық сипаттамасы .....</b>	<b>72</b>
Тұтынылатын қуат .....	72
Жұмыс ортасы .....	72
<b>12 Электростатикалық разряд .....</b>	<b>74</b>
<b>13 Қолжетімділік .....</b>	<b>75</b>
Колдау көрсетілетін көмекші технологиялар .....	75
Колдау қызметіне хабарласу .....	75
<b>Индекс .....</b>	<b>76</b>



# 1 Қосылғанда жанатын шам

Бұл компьютер жұмыс істеуді және көңіл көтеруді жақсартуға арналған қуатты құрал болып табылады. Компьютерді орнату жасалғаннан кейін орындауға болатын ең жақсы амалдар, компьютермен жасауға болатын қызықты әрекеттер және қосымша HP ресурстарын табуға болатын орындар туралы білу үшін, осы бөлімді оқып шығыңыз.

## HP Apps Store дүкеніне өту

HP Apps Store дүкені жалпыға танымал ойындардың кең таңдауын, ойын-сауық пен музика бағдарламаларын, өнімділік бағдарламаларын және Бастау экранынан жүктелуге болатын HP компаниясында бірегей құқығы бар бағдарламаларды ұсынады. Таңдау жүйелі түрде жаңартылады және мазмұн аймақ пен елге байланысты ұсынылады. Жаңа және жаңартылған мүмкіндіктерінің бар екенін анықтау үшін, HP Apps Store дүкенін жиі тексеріңіз.



**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** HP Apps Store дүкеніне кіру үшін Интернетке қосылу қажет.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP picks (HP таңдаулылары) мүмкіндігі тек кейбір елдерде жеткілікті болады.

Бағдарламаларды көру және жүктеп алу үшін

1. Бастау экранынан **Store** (Дүкен) бағдарламасын таңдаңыз.
2. Қолжетімді бағдарламаларды көру үшін **HP picks** (HP таңдаулылары) пәрменін таңдаңыз.
3. Жүктелетін бағдарламаларды таңдал, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Жүктеу аяқталғаннан кейін бағдарлама Все приложения (Барлық бағдарламалар) экранында пайдаланылады.

## Ең жақсы тәжірибе

Компьютерді орнатқан және тіркеген соң, зерделі қаржыландырудың ең көбін алу үшін келесі кадамдарды орындауды ұсынамыз:

- Элі қосылмаган болса, сымды немесе сымсыз желіге қосылыныз. Егжей-тегжейлі ақпаратты [Желіге қосылу \(18-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.
- Компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдарымен танысыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Компьютермен танысу \(5-бет\)](#) немесе [Көңіл көтеру мүмкіндіктерін пайдалану \(25-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал сатып алыңыз немесе жаңартыныз. [Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану \(59-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру флэш жетегін жасау арқылы қатты дискінің сақтық көшірмесін жасаңыз. [Сақтық көшірме жасау, алдыңғы құйіне қайтару және қалпына келтіру \(66-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

## Қызықты әрекеттер

- Компьютерден YouTube торабында бейне көргө болатынын білесіз. Ал, компьютерді теледидарға немесе ойын консоліне жалғауға болатынын білесіз бе? Қосымша ақпаратты [Видео күрылғыларын HDMI кабелін пайдалану арқылы косу \(29-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.
- Сондай-ақ, компьютерден музыка тыңдауға болатынын білесіз. Ал компьютерге тікелей эфирдегі радионы орнатып, бүкіл әлемдегі радио арналарының музыкасы мен бағдарламаларын тыңдай алатыныңызды білесіз бе? [Дыбысты пайдалану \(27-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Терең басқарылатын баспен және анық, таза дыбыспен музыканы орындаушының ойлағанында жолмен тыңдаңыз. [Beats Audio \(тек таңдаулы үлгілерде\) мүмкіндігін пайдалану \(27-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Суреттер мен мәтін беттерін біркелкі басқару үшін сенсорлы тақта мен жаңа Windows түртү қимылдарын қолданыңыз. [Сенсорлы тақтаны және қимылдарды пайдалану \(31-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

# Қосымша НР ресурстары

Компьютерді іске қосып, осы нұсқаулықты табу үшін, *Параметрлерді орнату нұсқаулары* бөлімін пайдаланыңыз. Өнім туралы егжей-тегжейлі деректерді, практикалық нұсқаулық акпаратын және қосымша мәліметтерді қамтамасыз ететін ресурстарды табу үшін, мына кестені қараңыз.

Ресурстар	Мазмұны
<i>Орнату нұсқаулары</i>	<ul style="list-style-type: none"><li>Компьютердің параметрлерін орнатуға және мүмкіндіктеріне жалпы шолу</li></ul>
Анықтама және қолдау орталығы	<ul style="list-style-type: none"><li>Әдістер туралы акпарат және ақаулықтарды жою бойынша кең ауқымды көнестер</li></ul>
Анықтама және қолдау орталығына қатынау үшін Бастау экранына справка (анықтама) дең теріп, одан кейін Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз. АҚШ-та қолдау қызметін пайдалану үшін <a href="http://www.hp.com/go/contactHP">http://www.hp.com/go/contactHP</a> мекенжайына отіңіз. Дүние жүзі бойынша қолдау қызметін пайдалану үшін <a href="http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html">http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html</a> мекенжайына отіңіз.	
Дүниежүзілік қолдау	<ul style="list-style-type: none"><li>НР маманымен желіде сойлесу</li></ul>
Оз тілінізде қолдау алу үшін, <a href="http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html">http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html</a> бөліміне отіңіз.	<ul style="list-style-type: none"><li>Қолдау қызметінің телефон нөмірлері</li><li>НР қызмет көрсету орталығының мекенжайлары</li></ul>
Қауіпсіз және қолайлы жұмыс нұсқаулығы	<ul style="list-style-type: none"><li>Жұмыс орнын реттеу</li></ul>
Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін	<ul style="list-style-type: none"><li>Ыңғайлылықты қамтамасыз ететін және жаракат алу қаупін азайттын деңе күйі мен жұмыс дәғдышарының нұсқаулары</li></ul>
<ol style="list-style-type: none"><li>Бастау экранында поддержка (қолдау) сөзін теріп, <b>HP Support Assistant</b> колданбасын таңдаңыз.</li><li>Мой компьютер (Компьютерім), одан кейін Руководства пользователя (Пайдалануышы нұсқаулықтары) тармагын таңдаңыз.</li></ol>	<ul style="list-style-type: none"><li>Электр және механикалық қауіпсіздік акпараты</li></ul>
- немесе -	
<a href="http://www.hp.com/ergo">http://www.hp.com/ergo</a> веб-торабына отіңіз.	
Зандық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер	<ul style="list-style-type: none"><li>Маңызды зандық ескертпелер, соның ішінде батареяны дұрыс тастау жолы</li></ul>
Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін	
<p>▲ Бастау экранында поддержка (қолдау) сөзін теріп, <b>HP Support Assistant</b> колданбасын таңдаңыз.</p>	
Шектеулі кепілдік*	<ul style="list-style-type: none"><li>Бұл компьютер туралы арнаулы кепілдік акпараты</li></ul>
Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін	
<ol style="list-style-type: none"><li>Бастау экранында поддержка (қолдау) сөзін теріп, <b>HP Support Assistant</b> колданбасын таңдаңыз.</li><li>Мой компьютер (Компьютерім), одан кейін Гарантия и услуги (Кепілдік және қызметтер) тармагын таңдаңыз.</li></ol>	
- немесе -	

---

**Ресурстар****Мазмұны**

---

<http://www.hp.com/go/orderdocuments> веб-торабына  
өтіңіз.

\*Құрылғыға колданылатын арнайы ұсынылған HP Шектеулі кепілдігін компьютердегі және/немесе қорапта камтамасыз етілген ықшам дискіде немесе DVD дискісіндегі пайдалануыш нұсқаулықтарында табуға болады. Кейбір елдерде/аймактарда HP компаниясы басылған HP шектеулі кепілдігін қорапта ұсынады. Басылған түрдегі кепілдік берілмейтін елдерде/аймактарда оның басылған көшірмесін <http://www.hp.com/go/orderdocuments> мекенжайы бойынша немесе төмендегі мекенжайға хат жіберіп, сұрауга болады:

- **Солтүстік Америка:** Hewlett-Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd, Boise, ID 83714, USA (АҚШ)
- **Еуropa, Таяу Шығыс, Африка:** Hewlett-Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Italy (Италия)
- **Азиялық Тыныс Мұхит аймагы:** Hewlett-Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Сингапур 911507

Кепілдіктің басылған нұсқасына тапсырыс койылғанда, өнім нөмірі мен кепілдік мерзімін (сериялық нөмірі бар жапсырмасында) және атыңыз берілгенде қолдау алу үшін, <http://www.hp.com/go/contactHP> веб-торабына өтіңіз. Дүниене жүзі бойынша қолдау алу үшін, [http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact\\_us.html](http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html) веб-торабына өтіңіз.

---

## 2 Компьютермен танысу

### Аппараттық және бағдарламалық құрал туралы мәліметтерді табу

#### Аппараттық құралды табу

Компьютерде орнатылған аппараттық құралдардың тізімін көру үшін:

1. Бастау экранынан панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін Панель управления (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз.
2. Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) пәрменін, Система (Жүйе) пәрменін таңдаңыз, одан кейін сол жақ бағанда Диспетчер устройств (Құрылғылар басқарушысы) тармағын нұқтыңыз.

Компьютерге орнатылған барлық құрылғылар тізімде көрсетіледі.

Жүйенің аппараттық бөліктері және жүйенің BIOS нұсқасының номірі туралы ақпаратты көру үшін, **fn+esc** пернелерін басыңыз.

#### Бағдарламалық құралдарды табу


Компьютерде орнатылған бағдарламалық құралдардың тізімін көру үшін:

- ▲ Бастау экранының төменгі сол жақ бұрышындағы көрсеткіні басыңыз.

# Оң жақ



**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютерге ұқсас суретті қараңыз.



## Бөлік

(1) Куат шамы

(2) Қатты диск шамы

(3) Аудио шығыс (құлакаспап)/Аудио кіріс (микрофон) ұясы

(4) USB 2.0 порты

## Сипаттама

- Косулы: компьютер косулы.
- Жыпылықтау: қуатты үнемдеу күйі болып табылатын «Үйқы күйі» компьютерде қосылған. Компьютер дисплейдің және басқа да қажет емес құрамадас боліктердің қуатын ошіреді.
- Өшірулі: компьютер өшірулі немесе күту күйінде. Күту күйі – ең аз мөшерде қуат тұтынатын қуатты үнемдеу күйі.

- Ақ түсте жыпылықтау: Қатты диск пайдаланылуда.
- Сары: HP 3D DriveGuard көмегімен қатты диск үақытша қауіпсіз позицияға орнатылды.

**ЕСКЕРТПЕ:** HP 3D DriveGuard қызметі туралы ақпаратты [HP 3D DriveGuard пайдалану \(53-бет\)](#) белімінен қараңыз.

Тоққа қосылатын қосымша стерео ұндеткіштер, құлакаспаптар, тығын тәріздес құлакаспаптар, гарнитура немесе теледидар дыбыс кабелі қосылады. Сонымен катар, қосымша гарнитура микрофонын қосады. Бұл ұя қосымша тек микрофон құрылғыларын қолдамайды.


**АБАЙ БОЛЫНЫЗ!** Жаракаттану қаупін азайту үшін, құлакаспаптар, тығын тәріздес құлакаспап немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын алу үшін, Зәңді, қауіпсіздік және қоршаган орта ескерттелерлерін қараңыз. Осы нұсқаулықты ашу үшін, Пуск (Бастау) экранына поддержка (колдау) сөзін теріп, **HP Support Assistant** (HP колдау көмекшісі) бағдарламасын таңдаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер ұндеткіштері ажыратылады.

**ЕСКЕРТПЕ:** Құрылғы кабелінің аудио шығыс (құлакаспап) және аудио кіріс (микрофон) ұяларының екеуіне сайкес келетін 4 сымды қосқышы бар екеніне көз жеткізіңіз.

Пернетакта, тінтуір, сыртқы диск, принтер, сканер немесе USB хабі сияқты қосымша USB құрылғысы жалғанады.

Бөлік	Сипаттама
(5)	Оптикалық диск жетегі
(6)	Қауіпсіздік кабелінің ұясы



Бөлік	Сипаттама
(1)	Куат шамы
(2)	Қатты диск шамы
(3)	Аудио шығыс (құлақаспап)/Аудио кіріс (микрофон) ұясы

Компьютер үлгісіне байланысты, оптикалық дискті оқиды немесе оптикалық дискті оқып, оған жазады.

**ЕСКЕРТПЕ:** Диск үйлесімділігі туралы ақпаратты Анықтама және колдану веб-беттерінен қараңыз ([Косымша HP ресурстары \(3-бет\)](#) тарауын қараңыз). Компьютер үлгісін таңдау үшін веб-тораптагы нұсқауларды орындаңыз. **Драйверлер и загрузки** (Драйверлер мен жүктеулер) тармағын таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Косымша қауіпсіздік кабелін компьютерге жалғайды.

**ЕСКЕРТПЕ:** Қауіпсіздік кабелі сактандырығыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан корғай алмауы мүмкін.

#### Сипаттама

- Косулы: компьютер косулы.
- Жыпылықтау: қуатты үнемдеу қүйі болып табылатын «Үйкі қүйі» компьютерде косылған. Компьютер дисплейдің және басқа да қажет емес күрамдас боліктердің қуатын өшіреді.
- Өшірулі: компьютер өшірулі немесе күту күйіндегі. Күту күйі – ең аз мөлшерде қуат тұтынатын қуатты үнемдеу қүйі.

- Ақ түсте жыпылықтау: Қатты диск пайдаланылуда.
- Сары: HP 3D DriveGuard көмегімен қатты диск уақытша қауіпсіз позицияға орнатылды.


**ЕСКЕРТПЕ:** HP 3D DriveGuard қызметі туралы ақпаратты [HP 3D DriveGuard пайдалану \(53-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

Токка косылатын косымша стерео үндептіштер, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспаптар, гарнитура немесе теледидар дыбыс кабелі косылады. Сонымен катар, косымша гарнитура микрофонын қосады. Бұл үя косымша тек микрофон құрылғыларын колдамайды.

Бөлік	Сипаттама
	<p><b>АБАЙ БОЛЫНЫЗ!</b> Жаракаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспап немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын алу үшін, <b>Заңды</b>, <b>қауіпсіздік және қоршаган орта ескертпелерін</b> қаранды. Осы нұсқаулыкты ашу үшін, Пуск (Бастау) экранына поддержка (колдану) сөзін теріп, <b>HP Support Assistant</b> (HP колдану көмекшісі) бағдарламасын таңдаңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндектіштері ажыратылады.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Құрылғы кабелінің аудио шығыс (құлақаспап) және аудио кіріс (микрофон) ұяларының екеуіне сәйкес келетін 4 сымды қосқышы бар екеніне көз жеткізіңіз.</p>
(4)	 USB 2.0 порты <p>Пернетакта, тінтуір, сыртқы диск, принтер, сканер немесе USB хабі сияқты қосымша USB құрылғысы жалғанады.</p>
(5)	Оптикалық диск жетегі <p>Компьютер үлгісіне байланысты, оптикалық дискті оқиды немесе оптикалық дискті оқып, оған жазады.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Диск үйлесімділігі туралы ақпаратты Анықтама және колдану веб-беттерінен қаранды (<a href="#">Косымша HP ресурстары (3-бет)</a> тарауын қаранды). Компьютер үлгісін таңдау үшін веб-тораптагы нұсқауларды орындаңыз. <b>Драйверы и загрузки</b> (Драйверлер мен жүктеулер) тармагын таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.</p>


## Сол жақ

 **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютерге үксас суретті қаранды.



Бөлік	Сипаттама
(1)	 Қуат жалғағышы <p>Айнымалы ток адаптеріне қосылады.</p>
(2)	 Айнымалы ток адаптерінің шамы <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сары: батарея зарядталуда.</li> <li>• Ақ: айнымалы ток адаптері қосылған, батарея зарядтаулы.</li> </ul>


Бөлік	Сипаттама
	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өшірүлі: компьютер батарея қуатымен жұмыс істейде.</li> </ul>
(3)	 RJ-45 (желі) ұясы/құй шамдары <ul style="list-style-type: none"> <li>• Желлілік кабелді косады.</li> <li>• Ақ: желі қосылған.</li> <li>• Сары: Желіде әрекет орын алуда.</li> </ul>
(4)	Желдеткіш сандылаулары (2)  <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындау үшін және қызып кетуден корғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің біресе қосылып, біресе өшіп отыруы - қалыпты жағдай.</p>
(5)	 HDMI порты <p>Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген үйлесімді сандық не аудио құрамас бөлікті немесе жоғары жылдамдықты HDMI құрылғысы сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын косады.</p>
(6)	 USB 3.0 порттары (2) <p>Пернетакта, тінтуір, сыртқы диск, принтер, сканер немесе USB хабі сияқты қосымша USB құрылғысы USB 3.0 портына жалғанады.</p>
(7)	<p>Жад картасын оку құрылғысы</p> <p>Ақпарат сақталатын, басқарылатын, ортақ пайдаланылатын немесе ашылатын қосымша жад карталарын оқиды.</p> <p>Картаны салу үшін:</p> <p>Картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын ұяға қаратып ұстаныз, да картаны ұясына енгізіп, нық отырганша үстінен басыңыз.</p> <p>Картаны алып тастау үшін:</p> <p>Картаны шықканша басыңыз.</p>



Бөлік	Сипаттама
(1)	 Куат жалғағышы <p>Айнымалы ток адаптеріне қосылады.</p>
(2)	 Айнымалы ток адаптерінің шамы <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сары: батарея зарядталуда.</li> </ul>

Бөлік	Сипаттама
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақ: айнымалы ток адаптері косылған, батарея зарядтаулы.</li> <li>Өшірүлі: компьютер батарея қуатымен жұмыс істеуде.</li> </ul>
(3) 	<p>Қауіпсіздік кабелінің ұясы</p> <p>Қосымша қауіпсіздік кабелін компьютерге жалғайды.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Қауіпсіздік кабелі сақтандырыштың күрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан коргай алмауы мүмкін.</p>
(4) 	<p>RJ-45 (желі) ұясы/күй шамдары</p> <p>Желілік кабелді косады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ақ: желі косылған.</li> <li>Сары: Желіде әрекет орын алуда.</li> </ul>
(5)	<p>Желдеткіш сандылаулары (2)</p> <p>Ішкі бөліктерді салқындау үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындау үшін және кызып кетуден корғау үшін автоматты түрде косылады. Жұмыс барысында желдеткіштің біресе косылып, біресе өшіп отыруы - қалыпты жағдай.</p>
(6) 	<p>HDMI порты</p> <p>Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген үйлесімді сандық не аудио құрамадас бөлікті немесе жоғары жылдамдықты HDMI құрылғысы сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын косады.</p>
(7) 	<p>USB 3.0 порттары (2)</p> <p>Пернетакта, тінтуір, сыртқы диск, принтер, сканер немесе USB хабі сияқты қосымша USB құрылғысы USB 3.0 портына жалғанады.</p>
(8)	<p>Жад картасын оку құрылғысы</p> <p>Ақпарат сақталатын, басқарылатын, ортақ пайдаланылатын немесе ашылатын қосымша жад карталарын оқиды.</p> <p>Картаны салу үшін:</p> <p>Картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын ұяға каратып ұстаңыз, да картаны ұясына енгізіп, нық отырғанша үстінен басыңыз.</p> <p>Картаны алып тастау үшін:</p> <p>Картаны шықканша басыңыз.</p>

# Дисплей




Бөлік	Сипаттама
(1) Ішкі дисплей қосқышы	Дисплейді өшіреді және егер дисплей қуат қосулы кезде жабылған болса, ұйқы құйін қосады.  <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Ішкі дисплей қосқышы компьютердің сыртынан көрінбейді.
(2) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз жергілікті желілермен (WLAN) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді және қабылдайды.  <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Компьютер үлгісіне байланысты, антенналар саны әртүрлі болады.
(3) Ішкі микрофондар (2)	Дыбыс жазады.
(4) Веб-камера шамы	Қосулы: веб-камера қолданылуда.
(5) Веб-камера	Бейнені жазады және фотосуретке түсіреді. Кейір модельдерде бейне ағыны мүмкіндігімен бейнеконференция мен желіде чат сеанстарын ұйымдастыруға болады.  Веб-камераны пайдалану үшін Бастау экранында камера сөзін жазыңыз, одан кейін бағдарламалар тізімінен <b>Камера</b> тармагын таңдаңыз.

\*Бұл антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жаксы таратылым үшін антенналардың айналасындағы аймактарды тез арада кедегілерден тазалаңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекеттің деңгелінде немесе аймагының таралып жүргізілген **Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер** болімін караңыз. Осы нұсқаудың ашу үшін, Пуск (Бастау) экранында поддержка (колдау) сөзін теріп, **HP Support Assistant** (HP колдау көмекшісі) бағдарламасын таңдаңыз.


# Жоғарғы жағындағы

## Сенсорлы тақта



Бөлік	Сипаттама
(1) Сенсорлы тақта аймагы	Мензерді жылжыту немесе экрандағы элементтерді ашу үшін саусақпен орындалатын кимылдарды оқиды. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Сенсорлы тақта жиектен жүргізу кимылдарын да қолдайды. Қосымша ақпаратты <a href="#">Жиектерді сипау (34-бет)</a> бөлімінен қараңыз.
(2) Сол жақ сенсорлы тақта түймешігі	Сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.
(3) Оң жақ сенсорлы тақта түймесі	Сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.

## Шамдар



### Болік

(1) Куат шамы


(2) Caps lock шамы

(3) Дыбысты өшіру шамы

### Сипаттама


- Қосулы: компьютер қосулы.
  - Жыптылықтау: куатты үнемдеу күйі болып табылатын «Үйкі күйі» компьютерде қосылған. Компьютер дисплейдің және басқа да қажет емес құрамдас бөліктердің куатын өшіреді.
  - Өшірүлі: компьютер өшірүлі немесе күту күйінде. Күту күйі – ең аз мөлшерде куат тұтынатын куатты үнемдеу күйі.
- Косулы: пернелердің барлығын бас әріп ететін «Caps lock» пернесі басылған.
- Сары: компьютер дыбысы өшірүлі.
  - Өшірүлі: компьютер дыбысы қосулы.

## Түймешік пен ұндеткіштер ---




Бөлік		Сипаттама
(1)	Куат түймешігі	<ul style="list-style-type: none"><li>Компьютер өшірүлі болғанда, компьютерді косу үшін түймешікті басыңыз.</li><li>Компьютер косулы болғанда, үйкі күйін косу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.</li><li>Компьютер үйкі күйінде болғанда, үйкі күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.</li><li>Компьютер күту күйінде болған кезде, күту күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.</li></ul> <p><b>ЕСКЕРТУ:</b> Куат түймешігін басып тұрганда сакталмagan ақпарат жойылады.</p> <p>Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows жүйесінің өшіру процедуralары көмектеспесе, компьютерді өшіру үшін куат түймешігін кем дегенде 5 секунд басып ұстап тұрыңыз.</p> <p>Куат параметрлері туралы ақпаратты куат опцияларынан караңыз. Бастау экранында питание (куат) сөзін теріп, <b>Параметры питания и спящего режима</b> (Куат және үйкілық режим параметрлері) тармагын таңдаңыз да, бағдарламалар тізімінен <b>Питание и спящий режим</b> (Куат және үйкілық режим) тармагын таңдаңыз.</p>
(2)	Ұндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.

## Пернелер



Бөлік	Сипаттама
(1) esc пернесі	<b>fn</b> пернесімен бірге басылған кезде жүйе акпараты корсетіледі.
(2) fn пернесі	<b>b</b> пернесі немесе <b>esc</b> пернесімен бірге басылған кезде жиі колданылатын жүйелік функцияларды орындаиды.
(3) Windows пернесі	Ашық болған бағдарламадан немесе Windows жұмыс үстелінен бастау экранына жылдам қайтарады. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Windows пернесі қайта басылған кезде, алдыңғы экран ашылады.
(4) Эрекеттер пернелері	Жиі колданылатын жүйелік функцияларды орындаиды. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Таңдаулы улгілерде <b>f5</b> эрекет пернесі пернетакта жарықтандырышы функциясын өшіруге немесе косуға мүмкіндік береді.
(5) num lock пернесі	Кірістірілген сан пернетактасының жұмысын басқарады. Сыртқы пернетактаның стандартты сан функциясы (бұл мүмкіндік зауытта косылған) мен жылжу функциясын (пернелердегі бағыттау көрсеткілерімен белгіленген) аудыстырып қосу үшін осы пернені басыңыз. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Компьютер өшірілгенде белсенді болып тұрған пернетакта функциясы компьютер қайта косылғанда калпына келеді.
(6) Кірістірілген сандық пернетакта	<b>num lock</b> пернесі қосылғанда, оны сыртқы сандық пернетакта ретінде пайдалануга болады.

# Тұбіндегі



Бөлік	Сипаттама	
(1)	Батареяны құлышптау	Батарея орнына батареяны құлышптайты.
(2)	Батарея орны	Батареяны ұстап тұрады.
(3)	Желдеткіш саңылаулары (4)	Ішкі бөліктерді салқындау үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді.  <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындау үшін және қызып кетуден корғау үшін автоматты түрде косылады. Жұмыс барысында желдеткіштің біресе косылып, біресе өшіп отыруры - қалыпты жағдай.
(4)	Батареяны шығару ысырмасы	Батареяны орнынан шығарады.
(5)	HP Triple Bass Reflex сабвуфері (тек таңдаулы үлгілерде)	Жоғары сапалы бас дыбысын шығарады.


## Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютер алып шетелге саяхатқа шықканда қажет болуы мүмкін.

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Компьютеріңіздің үлгісіне байланысты, осы бөлімде көрсетілген барлық жапсырмалар 3 орынның біреуінде орналасады: компьютердің төменгі жағына жабыстырылған, батарея ұяшығында немесе қызмет көрсету есігінің астында орналасқан.

- Сервистік жапсырма компьютерді анықтауға арналған маңызды ақпаратты қамтамасыз етеді. Қолдау қызметімен хабарласу кезінде, сериялық нөмір, өнім нөмірі немесе модель нөмірі сұралуы мүмкін. Қолдау қызметімен хабарласпас бұрын, бұл нөмірлерді табыңыз.

Сервистік жапсырмалар төменде көрсетілген мысалдардың біреуіне ұқсас болады. Компьютердегі сервистік жапсырмага ен ұқсас суретті қараңыз.



#### Бөлік

- (1) Сериялық нөмір
- (2) Өнім нөмірі
- (3) Кепілдік күшінің мерзімі
- (4) Модель нөмірі (тек таңдаулы үлгілерде)

- Microsoft® аутентификация қуәлігі жапсырмасы (Windows 8 нұсқасынан бұрын шыққан таңдаулы үлгілерде) - Windows өнім кілтін қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Windows 8 немесе Windows 8.1 нұсқасы алдын ала орнатылған HP платформаларында жапсырма жабыстырылмаған, бірақ оларға сандық өнім кілті электрондық түрде орнатылған.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP бекітілген қалпына келтіру әдістері арқылы Windows 8 немесе Windows 8.1 нұсқасын қайта орнату кезінде, бұл сандық өнім кілті Microsoft амалдық жүйесі арқылы автоматтарты түрде танылады және белсендеріледі.

- Техникалық деректер жапсырмасы(лары) – компьютер туралы техникалық ақпаратты береді.
- Сымсыз куәлік беру туралы жапсырмасы(лар) – қосымша сымсыз құрылғылар туралы ақпаратты және осы құрылғылардың колданылуы макұлданған елдер немесе аймактардың макұлдау таңбаларын қамтамасыз етеді.

## 3 Желіге қосылу

Осы компьютермен кез келген жерге саяхаттауға болады. Алайда, компьютер мен сымсыз не сымды желі байланысын пайдаланып үйде отырып та дүние жүзін шарлап, миллиондаған веб-тораптардың акпараттарына қол жеткізуге болады. Осы тараудағы акпарат әлеммен байланысуға көмектеседі.

### Сымсыз желіге қосылу

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер келесі сымсыз құрылғылардың біреуі немесе бірнешеуімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы—Компьютерлерді корпоративті оғистер, үй және әуежайлар, мейрамханалар, кафелер, қонақ үйлер және университеттер сияқты қоғамдық орындарда (әдетте, Wi-Fi желілері, сымсыз LAN немесе WLAN деп аталатын) сымсыз жергілікті желілерге қосады. WLAN желісінде компьютеріздегі мобильді сымсыз құрылғы сымсыз жол жоспарлағышымен немесе сымсыз кіру нұктесімен байланысады.
- Bluetooth құрылғысы (тек таңдаулы үлгілерде)— компьютерлер, телефондар, принтерлер, құлақаспалттар, үндектіштер және камералар сияқты Bluetooth қызметі қосылған басқа құрылғыларға қосылу үшін жеке аймақ желісін (PAN) жасайды. PAN желісіндегі әр құрылғы басқа құрылғылармен тікелей байланысады және бұл құрылғылар бір-біріне біршама жақын, әдетте бір-бірінен 10 метр (шамамен 33 фут) қашықтықта болуы тиіс.

Сымсыз технология жөнінде қосымша мәлімет алу үшін, «Анықтама және қолдау» бөліміндегі акпаратты және веб-торап сілтемелерін караңыз. Бастау экранына справка (анықтама) сөзін теріп, одан кейін Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.

### Сымсыз басқару элементтерін пайдалану

Компьютердегі сымсыз құрылғыларды мына мүмкіндіктерді пайдалана отырып басқаруға болады:

- Сымсыз байланыс түймешігі, сымсыз байланыс қосқышы немесе сымсыз байланыс пернесі (осы тарауда «сымсыз байланыс түймешігі» деп аталады) (тек таңдаулы үлгілерде)
- Амалдық жүйе басқару элементтері

## Сымсыз байланыс түймешігін пайдалану

Улгісіне қарай, компьютерде сымсыз байланыс пернесі немесе бірнеше сымсыз құрылғылар болады. Компьютердегі сымсыз құрылғылардың барлығы зауытта іске қосылады.

Сымсыз құрылғылар зауытта қосылатындықтан, оларды бір уақытта қосу немесе өшіру үшін, сымсыз байланыс түймешігін пайдалануға болады. Жеке сымсыз құрылғыларды HP Connection Manager бағдарламалық құралы арқылы басқаруға болады (тек таңдаулы үлгілерде).

## Амалдық жүйе басқару элементтерін пайдалану

Желі және ортақ қолдану орталығы қосылымды немесе желіні орнатуға, желіге қосылуға, желі ақаулықтарын тексеруге және жөндеуге мүмкіндік береді.

Амалдық жүйенің басқару элементтерін пайдалану үшін, Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желі және ортақтасу орталығы) тармағын таңдаңыз.

1. Бастау экранынан панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін Панель управления (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз.
2. Сеть и Интернет (Желі және Интернет) пәрменінен кейін Центр управления сетями и общим доступом (Желі және ортақтасу орталығы) тармактарын таңдаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін бастау экранында справка (анықтама) сөзін теріп, одан кейін Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз.

## Мәліметтер мен диск жетектерін ортақ пайдалану және бағдарламалық құралдарға қатынау

Компьютеріңіз желі құрамында болған кезде, компьютерде сакталатын ақпарат пайдаланумен ғана шектелмейсіз. Желідегі компьютерлерде бағдарламалық құралдар мен мәліметтерді бірлесіп пайдалануға болады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Фильмі немесе ойны бар DVD дискі сияқты диск көшірмеледен қорғалған болса, оны ортақ пайдалану мүмкін емес.

Бір желідегі қалталарды немесе мазмұнды бөлісу үшін:

1. Windows жұмыс үстелінде Проводник (Жетектеуші) бағдарламасын ашыңыз.
2. Этот ПК (Осы дербес компьютер) экранындағы ортақ пайдаланыңың келетін қалта немесе мазмұнды таңдаңыз. Экраның жоғары бөлігіндегі шарлау тақтасындағы Поделиться (Бөлісу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін Отдельные люди (Арнайы адамдар) пәрменін таңдаңыз.
3. Общий доступ к файлам (Файлдарды ортақтастыру) жолағына атын теріп, Добавить (Косу) түймешігін басыңыз.
4. Общий доступ (Ортақ пайдалану) түймешігін басып, экрандағы нұсқауларды орынданыз.

Бір желідегі дискілерді бөлісу үшін, келесі қадамдарды орынданыз:

1. Windows жұмыс үстелінде, тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы желі күйінің белгішесін оң жақ түймешікпен басыңыз.
2. Открыть центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығын ашу) пәрменін таңдаңыз.

- 3.** Просмотр активных сетей (Белсенді желілерді көру) ішінен белсенді желіні таңдаңыз.
- 4.** Қауіпсіздік, желілік байқау, файлдар мен принтерлерді ортақтастыру немесе басқа желілік мүмкіндіктер үшін ортақтастыру параметрлерін орнату мақсатымен **Изменить дополнительные параметры общего доступа** (Қосымша ортақтасу параметрлерін өзгерту) параметрін таңдаңыз.

## WLAN құрылғысын қолдану

WLAN құрылғысымен сымсыз жол жоспарлағыш немесе сымсыз кіру нұктесі арқылы байланыстырылған басқа компьютерлерден және қосалқы құралдардан құрылған сымсыз жергілікті желіге (WLAN) кіруге болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сымсыз жол жоспарлағышы және сымсыз кіру нұктесі жиі өзара ауыстырылатын күйде қолданылады.

- Корпоративтік немесе жалпы WLAN желісі сияқты кең ауқымды WLAN жүйесі әдетте, көптеген компьютерлер мен қосалқы құралдарды қамтамасыз етіп, критикалық желі функцияларын бөле алатын, сымсыз кіру нұктелерін пайдаланады.
- Үйдегі немесе шағын кеңседегі WLAN жүйесі әдетте бірнеше сымсыз немесе сымды компьютерлерге Интернет байланысы, принтерді және файлдарды аппараттық немесе бағдарламалық құралдардың қосымша бөліктерін талап етпестен ортақ пайдалануға мүмкіндік беретін сымсыз жол жоспарлағышын пайдаланады.

Компьютерде WLAN құрылғысын қолдану үшін, WLAN инфрақұрылымына (қызмет провайдері немесе қоғамдық не біріккен желі арқылы берілген) қосылу қажет.

## Интернет провайдерін пайдалану

Үйде Интернет байланысын орнату кезінде, Интернет провайдерінің (ISP) есептік жазбасын орнату қажет. Интернет қызметін және модемді сатып алу үшін жергілікті Интернет провайдерімен хабарласыңыз. Интернет провайдері модем параметрлерін реттеуге, сымсыз компьютерді модемге қосу үшін желі кабелін орнатуға және Интернет қызметін тексеруге көмектеседі.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Интернет провайдері Интернетке кіру үшін пайдаланушы идентификаторы мен құпия сөзді береді. Берілген мәліметтерді жазып алыңыз да, қауіпсіз жерде сақтаңыз.


## WLAN желісін орнату

WLAN құрылғысын орнату және Интернетке қосылу үшін, төмендегі жабдық қажет:

- Кең жолақты модем (DSL немесе кабельді) (1) және Интернет провайдерінен сатып алынған жоғары жылдамдықты интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағыш (2) (бөлек сатылады)
- Сымсыз компьютер (3)

 **ЕСКЕРТПЕ:** Кейбір модемдердің ішіне жол жоспарлағышы орнатылады. Интернет провайдерінен модем түрінің қайсысын пайдаланатының сұраныз.

Төменде берілген суретте интернетке қосылған сымсыз желінің орнатымы мысалға келтірілген.



Желі кеңейген сайын, Интернетке кіру үшін желіге қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді қосуға болады.

WLAN желісін орнату бойынша көмек керек болса, жол жоспарлағыштың өндірушісі немесе интернет қызметінің провайдері (ISP) берген ақпаратты қараңыз.

## Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу

Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу бойынша көмек керек болса, жол жоспарлағыштың өндірушісі немесе Интернет провайдері (ISP) берген ақпаратты қараңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Жаңа сымсыз компьютерініздің жол жоспарлағышына онымен қамтамасыз етілген желілік кабель арқылы бастапқыда қосу ұсынылады. Компьютер Интернетке сәтті қосылғаннан кейін кабельді ажыратып, Интернетке сымсыз желі арқылы кіруге болады.

## WLAN жүйесін қорғау

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бар WLAN желісіне кірген кезде, әрқашан рұқсатсыз кіруден желіні қорғау үшін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосыныз. Қоғамдық аймақтар немесе кофеханалар және әуежайлар сияқты адам көп аймақтар ешқандай қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді. Байланыс орнында компьютердердің қауіпсіздігі туралы сенімді болмасаңыз, күпия емес электрондық пошта хабарын жіберу және негізгі Интернетте іздеу сияқты желі әрекеттерімен шектеліңіз.

Сымсыз радио сигналдары желінің сыртында да таралғандастан басқа WLAN құрылғылары қорғалмаған сигналдарды қабылдауы мүмкін. WLAN желісін қорғау үшін, келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Желіаралық қалқанды пайдаланыңыз.

Желіаралық қалқан желіге жіберілген деректерді тексереді және кез келген күмәнді элементтерді қайтарады. Желіаралық қалқандар бағдарламалық құралда да, жабдықта да жұмыс істейді. Кейбір желілер екі түрін де біріктіріп пайдаланады.

- Сымсыз шифрлауды қолданыңыз.

Сымсыз шифрлау желі арқылы тасымалданатын деректерді шифрлау және шифрын ашу үшін қауіпсіздік параметрлерін қолданады. Қосымша ақпарат алу үшін бастау экранында справка (анықтама) сөзін теріп, одан кейін **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз.

## WLAN желісіне қосылу

WLAN желісіне қосылу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. WLAN құрылғысының қосулы екендігіне көз жеткізіңіз.
2. Шебер түймелерді көрсету үшін бастау экранының жоғары немесе төменгі оң жақ бұрышына мәндерді жылжытыңыз.
3. **Настройки** (Параметрлер) түймесін басып, желі күйі белгішесін басыңыз.
4. Тізімнен WLAN желісін таңдаңыз.
5. **Подключиться** (Қосылу) түймешігін басыңыз.

Егер желі қауіпсіз қосылған WLAN желісі болса, сізден желінің қауіпсіздік кілтін енгізу сұралады. Кодты енгізіп, қосылуды аяқтау үшін, **Войти** (Жүйеге кіру) түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер WLAN тізімі көрсетілсе, сымсыз жол жоспарлағышы ауқымының немесе кіру нұктесінің сыртында болуыңыз мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер қосылатын WLAN желісі көрсетілмесе, Windows жұмыс үстелінде желі күйінің белгішесін оң жақ түймешікпен нұқып, **Открыть центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығын ашу) пәрменін таңдаңыз. **Настройка нового подключения или сети** (Жаңа қосылым немесе желіні орнату) пәрменін таңдаңыз. Желіні қолмен іздеу және оған қосылу немесе жаңа желі байланысын орнатуға мүмкіндік беретін опциялар тізімі ашылады.

6. Экрандағы нұсқауларды орындаپ қосылысты аяқтаңыз.

Байланыс орнатылып болған соң, оның аты мен күйін тексеру үшін, тінтуір мәндерін тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағындағы желі белгішесіне қойыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Жұмыс ауқымы (симсыз сигналдардың жету алыстығы) WLAN кіруіне, жол жоспарлағышын өндірушіге және басқа электрондық құрылғылардан алынған кедергілерге немесе қабыргалар және едендер сияқты құрылымды тосқауылдарға байланысты болады.

## Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Bluetooth құрылғысы әдетте мына электрондық құрылғыларды байланыстыратын физикалық кабель қосылымдарын ауыстыратын қысқа аукымды сымсыз байланыстарды қамтамасыз етеді.

- Компьютерлер (жұмыс үстелі, ноутбук, қалта компьютері)
- Телефондар (ұялы, сымсыз, смартфон)
- Сурет түсіретін құрылғылар (принтер, камера)
- Дыбыстық құрылғылар (гарнитура, үндөткіштер)
- Тінтуір

Bluetooth құрылғысы Bluetooth құрылғыларының дербес желісін орнатуға мүмкіндік беретін тәң дәрежелі мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Bluetooth құрылғыларының параметрлерін реттеу және оларды пайдалану туралы ақпаратты Bluetooth бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

## Сымды желіге қосылу

### Жергілікті желіге (LAN) қосылу


Компьютерді тікелей үйдегі жол жоспарлағышка (симсыз жұмыс істеудің орнына) немесе оффистегі бұрыннан бар желіге қосу керек болса, LAN байланысын пайдаланыңыз.

Сымды желіге қосылу үшін, 8 істікшелі RJ-45 желі кабелі қажет.

Желі кабелін қосу үшін, тәмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Желілік кабелді компьютердегі желі ұясына (1) жалғаныз.
2. Желілік кабелдің екінші ұшын желінің қабырға ұясына (2) немесе жол жоспарлағышка жалғаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Желі кабелінің теледидар мен радио кедергілерінен қорғайтын кедергілерді басу схемасы (3) бар болса, кабельдің осы схема орналасқан ұшын компьютерге қарай бағыттаңыз.



## 4 Көніл көтеру мүмкіндіктерін пайдалану

Веб-камера арқылы байланысу, музыканы тыңдау және басқару, бейнефильмдерді жүктеу және көрү амалдарын орындау үшін НР компьютерін көніл көтеру орталығы ретінде пайдаланыңыз. Компьютерізді бұдан да қуатты көніл көтеру орталығына айналдыру үшін, үндегіштер, гарнитура, монитор, проектор, теледидар және таңдаулы үлгілерге жоғары ажыратымдылықты құрылғыларды жалғаңыз.

### Мультимедиа мүмкіндіктері

Төменде осы компьютердің бірнеше көніл көтеру мүмкіндіктері көрсетілген.



#### Болік

- (1) Жад картасын оку құрылғысы

#### Сипаттама

Ақпарат сақталатын, басқарылатын, ортақ пайдаланылатын немесе ашылатын косымша жад карталарын оқиды.

Картаны салу үшін:

Картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын ұяға қаратып ұстаныңыз, да картаны ұсына енгізіп, нық отырганша үстінен басыңыз.

Картаны алып тастау үшін:

Картаны шықканша басыңыз.

Бөлік		Сипаттама
(2)		USB 3.0 порттары (2) Пернетекта, тінтуір, сыртқы диск, принтер, сканер немесе USB хабі сияқты косымша USB құрылғысы USB 3.0 портына жалғанады.
(3)		HDMI порты Ажыратымдылығы жогары теледидар немесе кез келген үйлесімді сандық не аудио құрамдасты бөлікті немесе жогары жылдамдықты HDMI құрылғысы сияқты косымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын қосады.
(4)		Үндептіштер (2) Дыбыс шығарады.
(5)		Ішкі микрофондар (2) Дыбысты жазады.
(6)		Веб-камера шамы Қосулы: веб-камера қолданылуда.
(7)		Веб-камера Бейнені жазады және фотосуретке түсіреді. Кейбір модельдерде бейне ағыны мүмкіндігімен бейнеконференция мен желіде чат сеанстарын ұйымдастыруға болады. Бастау экранында камера деп жазып, бағдарламалар тізімінен Камера пәрменін таңдаңыз.
(8)		Оптикалық диск жетегі Компьютер үлгісіне байланысты, оптикалық дискті оқиды немесе оптикалық дискті оқып, оған жазады. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Диск үйлесімділігі туралы ақпаратты Анықтама және колдау веб-беттерінен қараңыз ( <a href="#">Косымша HP ресурстары (3-бет)</a> тарауын қараңыз). Компьютер үлгісін таңдау үшін веб-тораптағы нұсқауларды орындаңыз. <b>Драйвери и загрузки</b> (Драйверлер мен жұқтеулер) тармағын таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
(9)		USB 2.0 порты Пернетекта, тінтуір, сыртқы диск, принтер, сканер немесе USB хабі сияқты косымша USB құрылғысы жалғанады.
(10)		Аудио шығыс (құлақаспап)/Аудио кіріс (микрофон) ұясы Косымша токқа қосылатын стерео үндептіштерге, гарнитураларға, құлақаспаптарға немесе теледидардың аудио құрылғысына қосылғанда, дыбыс шығарады. Сонымен катар, косымша гарнитура микрофонын қосады. Бұл ұя косымша тек микрофон құрылғыларын колдамайды. <b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Жаракаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспап немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс деңгейін реттеніз. Косымша қауіпсіздік ақпаратын алу үшін, Зәңдө, қауіпсіздік және қоршаған орта ескертпелерін қараңыз. Осы нұсқаулықты ашу үшін, Пуск (Бастау) экранына поддержка (колдау) сөзін теріп, <b>HP Support Assistant</b> (HP колдау көмекшісі) бағдарламасын таңдаңыз.
		<b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндептіштері ажыратылады.
		<b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Құрылғы кабелінің аудио шығыс (гарнитура) және аудио кіріс (микрофон) ұяларының екеуіне сәйкес келетін 4 сымды косқышы бар еkenіне көз жеткізіңіз.

## Веб-камераны пайдалану

Компьютердің кірістірілген веб-камерасы бейнені жазады және фотосуретке түсіреді. Кейбір модельдерде бейне ағыны мүмкіндігімен бейнеконференция мен желіде чат сеанстарын ұйымдастыруға болады.

- ▲ Веб-камераны пайдалану үшін, Бастау экранынан камера сөзін жазыңыз, одан кейін бағдарламалар тізімінен Камера тармағын таңдаңыз.

Веб-камераны қолдану туралы толық ақпарат алу үшін, Справка и поддержка (Анықтама және колдау) бөліміне өтіңіз. Бастау экранына справка (анықтама) сөзін теріп, одан кейін Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.

## Дыбысты пайдалану

Компьютерізде музыка ықшам дискілерін ойнатуға, музыканы жүктеуге және тыңдауға, вебтегі аудио мазмұнды (соның ішінде радионы) тыңдауға, дыбыс жазуға немесе мультимедиа файлын жасау үшін дыбыс пен бейнені біріктіруге болады. Тыңдау әсерін жақсарту үшін, ұндеткіштер немесе құлақаспалтар сияқты сыртқы дыбыс құрылғыларын жалғаңыз.

### Ұндеткіштерді қосу

Сымды ұндеткіштерді компьютердегі немесе қондыру тұғырындағы USB портына немесе аудио шығыс (құлақаспап) ұясына жалғау арқылы қосуға болады.

Сымсыз ұндеткіштерді компьютерге қосу үшін, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз. Компьютерге ажыратымдылығы жоғары ұндеткіштерді қосу үшін, [HDMI арқылы дыбысты реттеу үшін \(29-бет\)](#) бөлімін қараңыз. Ұндеткіштерді жалғамас бұрын дыбыс қаттылығын төмендетіңіз.

### Құлақаспалтарды және микрофондарды қосу

Сымды құлақаспалтарды және гарнитураларды компьютердегі аудио шығыс (құлақаспап) ұясына/аудио кіріс (микрофон) ұясына қосуға болады. Ішкі микрофоны бар гарнитуралар сатылады.

Компьютерге желісіз құлақаспалтарды не гарнитураларды қосу үшін, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

---

**! АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Жарапттану қаупін азайту үшін, құлақаспалтар, тығын тәріздес құлақаспалтар немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс қаттылығын төмендетіңіз. Қауіпсіздік туралы қосымша ақпарат алу үшін, [Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер](#) нұсқаулығын қараныз. Осы нұсқаулықты ашу үшін, Пуск (Бастау) экранына поддержка (колдау) сөзін теріп, [HP Support Assistant](#) (HP қолдау көмекшісі) бағдарламасын таңдаңыз.

---

### Beats Audio (тек таңдаулы үлгілерде) мүмкіндігін пайдалану

Beats Audio – таза дыбысты қолданған кезде, терен, басқарылатын төменгі дыбыс беретін жетілдірілген дыбыс функциясы.

### Beats Audio басқару тақтасын ашу

Beats Audio басқару тақтасында дыбыс және төменгі дыбыс жиілігі параметрлерін көріп, колмен басқаруға болады.

- ▲ Бастау экранында панель управления (басқару тақтасы) сөздерін теріп, Панель управления (Басқару тақтасы) пәрменін таңдап, Аппаратное обеспечение и звук (Аппараттық құралдар және дыбыс) таңдап, содан Панель управления Beats Audio (Beats Audio басқару тақтасы) тармақтарын таңдаңыз.

## Beats Audio қосу және өшіру

- ▲ Beats Audio функциясын қосу не өшіру үшін, fn пернесін b пернесімен бірге басыңыз.

## Аудио мүмкіндіктерін тексеру

Компьютердің дыбыс функцияларын тексеру үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранынан панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін Панель управления (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз.
2. Звук (Дыбыс) терезесі ашылғанда, Звуки (Дыбыстар) қойындысын басыңыз. Program Events (Бағдарламалық оқиғалар) ішінде сигнал немесе дабыл сияқты кез келген дыбыс оқиғасын таңдап, Test (Сынау) түймешігін басыңыз.
3. Звук (Дыбыс) терезесі ашылғанда, Звуки (Дыбыстар) қойындысын басыңыз. Программные события (Бағдарламалар оқиғалары) параметрі астынан дыбыс сигналы немесе ескертү дыбысы сияқты кез келген дыбыс оқиғасын таңдаңыз, одан кейін Проверка (Сынау) түймешігін басыңыз.

Дыбысты ұндеткіштер немесе қосылған құлақаспалтар арқылы естуіңіз қажет.

Компьютердің жазу функцияларын тексеру үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранына звук (дыбыс) сөзін жазыңыз, одан кейін Звукозапись (Дыбыс жазба) опциясын таңдаңыз.
2. Начать запись (Жазуды бастау) түймешігін басып, микрофонмен сөйлеңіз.
3. Файлды жұмыс үстеліне сақтаңыз.
4. Мультимедиалық бағдарламаны ашыңыз және дыбысты ойнатыныз.

Компьютерде аудио параметрлерін құптау немесе өзгерту үшін:

1. Бастау экранынан панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін Панель управления (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз.
2. Оборудование и звук (Аппараттық құрал және дыбыс), одан кейін Звук (Дыбыс) тармақтарын таңдаңыз.

## Бейнені пайдалану

Бұл компьютер таңдаулы веб-тораптардағы ойнатылатын бейнені көруге және желіге қосылмаған компьютерден тамашалау үшін бейнелер мен фильмдерді жүктеп алуға мүмкіндік беретін қуатты бейне құрылғысы болып табылады.

Көруге байланысты әрекеттеріңізді жақсарту максатында компьютерді сыртқы монитор, проектор немесе теледидарға қосу үшін, HDMI портын пайдаланыңыз.




**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Сыртқы құрылғының дұрыс кабель арқылы компьютердегі дұрыс ұяға қауіпсіз түрде жалғанғандығына көз жеткізіңіз. Сұрақтарыңыз болса, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын қараңыз.

## Видео құрылғыларын HDMI кабелін пайдалану арқылы қосу

 **ЕСКЕРТПЕ:** HDMI құрылғысын компьютерге жалғау үшін бөлек сатылатын HDMI кабелі қажет болады.

Компьютер экранындағы кескінді ажыратымдылығы жоғары теледидардан не компьютерден көру үшін, ажыратымдылығы жоғары құрылғыны келесі нұсқауларға сәйкес жалғаңыз.

1. HDMI кабелінің бір ұшын компьютердегі HDMI портына жалғаңыз.



2. Кабельдің екінші ұшын ажыратымдылығы жоғары теледидарға не мониторға жалғаңыз.
3. Компьютер экранындағы кескінді 4 түрлі көрсету күйіне ауыстырып қосу үшін, **f4** пернесін басыңыз:
  - **Тек компьютер:** Экрандағы кескінді тек компьютерден көру.
  - **Қос:** экрандағы кескінді бір уақытта компьютер мен сыртқы құрылғының екеуінен де көру.
  - **Кеңейтілген:** Экрандағы кескінді компьютер мен сыртқы құрылғының екеуінен көру.
  - **Тек сыртқы құрылғы:** Экрандағы кескінді сыртқы құрылғыдан көру.**f4** пернесі басылған сайын, көрсету күйі өзгереді.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Жақсы нәтиже үшін, егер «Дополнительные» (Қосымша) опциясы таңдалған болса, сыртқы құрылғының экран ажыратымдылығын мына жолмен реттеңіз. Бастау экранынан панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін Панель управления (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз. Оформление и персонализация (Безендіру және даралау) пәрменін таңдаңыз. Дисплей ішінен Настройка разрешения экрана (Экран ажыратымдылығын реттеу) параметрін таңдаңыз.

## HDMI арқылы дыбысты реттеу үшін

HDMI ажыратымдылығы жоғары бейне және дыбыс параметрлеріне қолдау көрсететін жалғыз бейне интерфейсі болып табылады. HDMI теледидарын компьютерге жалғанғаннан кейін, келесі кадамдарды орындау арқылы HDMI дыбысын қосуға болады:

1. Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағындағы **Speaker** (Үндөткіш) белгісесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Playback devices** (Ойнату құрылғылары) параметрін таңдаңыз.
  2. **Воспроизведение** (Ойнату) қойыншасында сандық шығыс құрылғысының атын нұқыңыз.
  3. **Set Default** (Әдепкі күйді орнату) пәрменін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.
- Дыбыстық қайтадан компьютер үндөткіштерінен шығару үшін, мына қадамдарды орындаңыз.
1. Тапсырма тақтасының оң жағында орналасқан хабарландыру аймағындағы **Speakers** (Үндөткіштер) белгісесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Playback devices** (Ойнату құрылғылары) параметрін таңдаңыз.
  2. **Playback** (Ойнату) қойыншасында **Динамики** (Үндөткіштер) параметрін таңдаңыз.
  3. **Set Default** (Әдепкі күйді орнату) пәрменін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.

## Miracast-үйлесімді сымсыз дисплейлерді табу және оларға қосылу (таңдаулы AMD үлгілерінде)

Ағымдағы ашық тұрған бағдарламаларды жаппай, Miracast-үйлесімді сымсыз дисплейлерді табу және оларға қосылу үшін, мына қадамдарды орындаңыз.

Miracast ашу үшін

- ▲ Шебер түймелерді көрсету үшін экранның жоғарғы оң жақ немесе төменгі оң жақ бұрышына мензеніз және **Устройства** (Құрылғылар) түймесін нұқып, **Проект** (Жоба) пәрменін таңдаңыз.  
- немесе -

Бастау экранындағы **HP Quick Access to Miracast** (Miracast құрылғысына HP Quick кіру) белгісесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Miracast-үйлесімді сымсыз дисплейлерді табу және оларға қосылу (тек таңдаулы үлгілерде)

Intel WiDi фотосуреттер, музика немесе видеолар сияқты жеке файлдарды сымсыз көрсету үшін немесе бүкіл компьютер экранын теледидар немесе қосымша дисплей құрылғысына қосу үшін пайдаланыңыз.

Intel WiDi, premium Miracast шешімі қосымша дисплей құрылғысын жиексіз жұптауды жеңілдетеді; толық экранның көшірмесін қамтамасыз етеді; жылдамдығын, сапасын және ауқымын жақсартады. Intel WiDi Медиа Бөлісу бірнеше функцияны қатар орындау мүмкіндігін косады және таңдау, жеке медиа файлдарын қосымша дисплей құрылғысына қосу үшін колданылатын құралдарды қамтамасыз етеді.

Intel WiDi Media Share Бастау экранынан ашу үшін, Intel WiDi Media Share теріңіз және **Enter** түймешігін басыңыз. Қолданба ашылғанда компьютермен бірге жұптау үшін ТД немесе қосымша дисплей құрылғысын таңдау мақсатында **Press here to project** тармағын басыңыз. Проекцияланатын файлдарға қатынасу үшін немесе бүкіл компьютер экранын проекциялау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## 5 Экранда шарлау

Компьютер экраны бойынша келесі әдістермен жылжуға болады:

- Тұрту қимылдары
- Пернетақта және тінтуір

Тұрту қимылдарын компьютеріңіздің сенсорлы тақтасында немесе сенсорлы экранда (тек таңдаулы үлгілерде) колдануға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютердегі USB порттарының біреуіне жалғау арқылы сыртқы USB тінтуірін (бөлек сатылады) пайдалана аласыз.

Кейбір компьютер үлгілерінде жиі жасалатын тапсырмаларды орындауда арналған арнайы әрекет пернелері немесе функциялық пернелер болады.

Кейбір компьютер үлгілерінде кірістірілген сандық пернетақта болуы мүмкін.

### Сенсорлы тақтаны және қимылдарды пайдалану

Сенсорлы тақта қарапайым саусақ қозғалыстарымен компьютер экранында оңай жылжуға мүмкіндік береді. Параметрлер, түймешік конфигурациялары, басу жылдамдығы мен мензэр опцияларын өзгерту арқылы сенсорлы тақтаның қимылдарын қалауыңыз бойынша реттеуге болады. Сенсорлы тақта қимылдарының мысалдарын көрүіңізге болады.

Бастау экранына панель управления (басқару тақтасы) деп жазып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) белгішесін басыңыз және **Оборудование и звук** (Аппараттық құрал және дыбыс) параметрін таңдаңыз. **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) тізімінен **Мышь** (Тінтуір) тармағын таңдаңыз.

 **КЕҢЕС:** Сенсорлы тақтаның сол және он жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің сәйкес түймешіктері сияқты пайдаланылады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сенсорлы тақта қимылдарына бағдарламалардың барлығында колдау көрсетіле бермейді.

### Тұрту

Экранда элементті таңдау үшін сенсорлы тақтада тұрту мүмкіндігін пайдаланыңыз.


- Таңдау үшін экрандағы элементті мензеп, сенсорлы тақта аймағын бір саусақпен түртіңіз. Элементті ашу үшін оны екі рет түртіңіз.



## Жылжу

Жылжу қимылды бетте немесе суретте жоғары, төмен қарай немесе көлденең жылжу кезінде қажет әрекет.


- Екі саусақты сенсорлы тақта аймағына арасын алшақ қойып, одан кейін оларды жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа қарай жылжытыңыз.



## 2 саусақ қомегімен қысып масштабтау

Екі саусақ қомегімен қысып масштабтау қимылдары суреттерді немесе мәтінді кішірейтуге немесе үлкейтуге мүмкіндік береді.

- Кішірейту үшін, екі саусақты сенсорлы тақтаға арасын алшақ қойып, одан кейін олардың арасын жақындастырыз.
- Үлкейту үшін, екі саусақты сенсорлы тақта аймағына бірге қойып, олардың арасын ашыңыз.



## 2 саусақпен басу

Екі саусақпен басу қимылы экрандың нысан үшін мәзір пәрмендерін таңдауға мүмкіндік береді.

**ЕСКЕРТПЕ:** 2 саусақпен басу қимылын пайдалану - тінтуірдің оң түймесін басу сиякты әрекет.

- Таңдалған нысан үшін мәзір пәрмендерінің тізімін ашу мақсатымен сенсорлы тақта аймағына екі саусақты қойып басыңыз.




## Айналдыру (тек таңдаулы үлгілерде)

Айналдыру мүмкіндігі фотосурет сияқты элементтерді бұруға мүмкіндік береді.

- Бір нысанға мәнзерді апарып, сол қолдың сұқ саусағын сенсорлы тақта аймағына қойыңыз. Оң сұқ саусақты сағат тілімен 90 градус жүргізіңіз. Кері айналдыру үшін, сұқ саусағының сағат тіліне қарсы 90 градус жүргізіңіз.




**ЕСКЕРТПЕ:** Айналдыру қимылды нысан немесе кескінді жылжытуға болатын арнайы бағдарламаларға арналған. Айналдыру қимылды барлық бағдарламаларда жұмыс істемеуі мүмкін.



## Сызу мүмкіндігі (тек таңдаулы үлгілерде)

Сызу экрандарда жылжуға немесе құжаттарды жылдам қарап шығуға мүмкіндік береді.

- Үш саусақты сенсорлы тақта аймағына қойып, саусақтарының жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа қарай баяу жылжытыңыз.




## Жиектерді сипау

Жиектерді сипау қимылдары параметрлер өзгерту және бағдарламаларды табу немесе пайдалану сияқты әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді.

## Саусақты оң жақ жиектен жылжыту

Саусақты оң жақ жиектен жылжыту қимылы шебер түймелерге қатынасуға мүмкіндік береді, бұл түймелер іздеу, ортак пайдалану, бағдарламаларды бастау, құрылғыларды ашу немесе параметрлерді өзгерту сиякты тапсырмаларды орындауды.

- Шебер түймелерді көрсету үшін саусағыңызды оң жақ жиектен жылжытыңыз.



## Саусақты сол жақ жиектен жылжыту

Саусақты сол жақ жиектен жылжыту жуықта ашылған қолданбалар арасында жылдам аудисуға және оларды ашуға мүмкіндік береді.

- Саусақты сенсорлы тақтаның сол жақ жиегінен жылжытыңыз.




## Саусакты үстіңгі жиектен жылжыту

Саусакты үстіңгі жиектен жылжыту арқылы бағдарламаларды өзгертуге мүмкіндік беретін бағдарламаларды басқару опциялары көрсетіледі.



**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Бағдарлама ашық кезде, үстіңгі жиекті сипау қимылды бағдарламада байланысты артұрлі болады.

- Бағдарламаларды басқару опцияларын көрсету үшін саусакты үстіңгі жиектен ақырын жылжытыңыз.



## Сенсорлы экран іс-қимылдарын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Сенсорлы экраны бар компьютер экрандағы элементтерді саусактар арқылы тікелей басқаруға мүмкіндік береді.



**КЕҢЕС:** Сенсорлы экраны бар компьютерде қимылдарды экранда немесе сенсорлы тақтада орындаға болады. Сонымен қатар, сенсорлы экрандағы әрекеттерді пернетақта мен тінтуір көмегімен жүзеге асыруға болады.

## Бір саусакты сырғыту


Көбінесе, бір саусакты сырғыту қимылды панорамалау немесе тізімдер мен беттерді айналдыру үшін қолданылады, бірақ оны нысанды жылжыту сияқты басқа да әрекеттерді орындау мақсатымен пайдалана аласыз.

- Экрандың мензерді басқа жерге жылжыту үшін, саусағызызды экранның беті арқылы қалаған бағытқа жылжытыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Бастау экранында көп бағдарлама ашық болған кезде, экранды сол немесе он жаққа жылжыту үшін саусағызызды сырғытыңыз.

- Нысанды жылжыту мақсатымен сүйреу үшін, оны ұстап тұрыңыз да, қажет жерге жылжытыңыз.



## Тұрту

Экранда элементті таңдау үшін тұрту мүмкіндігін пайдаланыңыз.


- Экрандағы нысанды таңдау үшін оны бір саусақпен тұртіңіз. Элементті ашу үшін оны екі рет тұртіңіз.



## 2 саусақ көмегімен қысып масштабтау

Екі саусақ көмегімен қысып масштабтау қимылдары суреттерді немесе мәтінді кішірейтуге немесе үлкейтуге мүмкіндік береді.

- Кішірейту үшін, екі саусақты экранға арасын алшак қойып, одан кейін олардың арасын жақындастырыңыз.
- Үлкейту үшін, екі саусақты экранда бірге қойып, олардың арасын ашыңыз.




## Айналдыру (тек таңдаулы үлгілерде)

Айналдыру мүмкіндігі фотосурет сияқты элементтерді бұруға мүмкіндік береді.

- Сол сұқ саусақты айналдырыңыз келген нысанда тірепіз. Оң сұқ саусақты шеңбер бойынша сағат тілімен 90 градус жүргізіңіз. Кері айналдыру үшін, сұқ саусағынызды сағат тіліне қарсы 90 градус жүргізіңіз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Айналдыру қимылы нысан немесе кескінді жылжытуға болатын арнайы бағдарламаларға арналған. Айналдыру қимылы барлық бағдарламаларда жұмыс істемеуі мүмкін.




## Саусақты жиектен жылжыту

Саусақты жиектен жылжыту қимылдары параметрлер өзгерту және бағдарламаларды табу немесе пайдалану сияқты әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді.

## Саусақты оң жақ жиектен жылжыту

Саусақты оң жақ жиектен жылжыту қимылы шебер түймелерге қатынасуға мүмкіндік береді, бұл түймелер іздеу, ортақ пайдалану, бағдарламаларды бастау, құрылғыларды ашу немесе параметрлерді өзгерту сияқты тапсырмаларды орындауды.


- Шебер түймелерді көрсету үшін саусағынызды экран бетінде дисплейдің оң жақ жиегінен ішіне қарай жайлап сырғытыңыз.



### Саусақты сол жақ жиектен жылжыту

Саусақты сол жақ жиектен жылжыту кимыл ашық бағдарламаларды көрсетеді, осылайша оларға тез ауыса аласыз.

- Бағдарламалар арасында ауысу үшін саусағынызды дисплейдің сол жақ жиегінен ішіне қарай жайлап сырғытыңыз. Ашық болған барлық бағдарламаларды көрсету үшін саусағынызды экраннан көтермей оны сол жақ жиекке қарай қайта сырғытыңыз.




### Саусақты ұстіңгі жиектен жылжыту және төменгі жиектен жылжыту

Жоғарғы жиекті немесе төменгі жиекті сипау бағдарламаларды теңшектін бағдарлама пәрмені опцияларын көрсетеді.



**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Бағдарлама ашық кезде, саусақты ұстіңгі жиектен жылжыту кимылы бағдарламаға байланысты әртүрлі болады.

- Бағдарламаларды басқару опцияларын көрсету үшін саусақты ұстіңгі немесе тәменгі жиектен жайлап жылжытыңыз.



## Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану

Пернетақта және тінтуір теруге, элементтерді таңдауға, айналдыруға және сенсорлы экрандағы қимылдар сияқты бірдей функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пернетақта арнайы функцияларды орындау мақсатымен әрекет пернелері мен жылдам пернелерді пайдалануға мүмкіндік береді.

**КЕҢЕС:** Пернетақтадағы Windows пернесі ашық болған бағдарламадан немесе Windows жұмыс үстелінен бастау экранына жылдам оралуға мүмкіндік береді. Windows пернесі қайта басылған кезде, алдыңғы экран ашылады.

**ЕСКЕРТПЕ:** Елінізге/аймағыңызға байланысты, пернетақтаның пернелері мен пернетақта функциялары осы бөлімде сипатталғаннан өзгешелеу болуы мүмкін.

## Пernелерді пайдалану

Ақпаратқа жылдам кіру немесе мүмкіндіктерді арнаулы пернелер мен пернелер тіркесімдерін басу арқылы пайдалануға болады.

### Әрекет пернелерін пайдалану

Әрекет пернесі тағайындалған функцияны орындаиды. **f1** мен **f4**, **f5** (тек кейбір үлгілерде) және **f6** мен **f12** пернелеріндегі әр белгіше сол пернеге тағайындалған функцияны сипаттайтыны.

Әрекет пернесінің функциясын пайдалану үшін, пернені басып ұстап тұрыңыз.

Әрекет пернесі функциясы зауытта қосылады. Бұл мүмкіндікті Setup Utility (BIOS) құралында ажыратуға болады. Setup Utility (BIOS) тармағын ашуға қатысты нұсқаулар алу үшін, [Setup Utility \(BIOS\) және HP PC Hardware Diagnostics \(UEFI\) пайдалану \(62-бет\)](#) бөлімін көріп, экранның тәменгі жағындағы нұсқауларды орындаңыз.

Әрекет пернесі мүмкіндігін ажыратқаннан кейін әр функцияны іске қосу үшін, тиісті әрекет пернесімен бірге **fn** пернесін басыңыз.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Setup Utility (BIOS) ішіне өзгеріс енгізгенде сақ болыныз. Қателер компьютердің жұмысына кедегі келтіруі мүмкін.

Белгіше	Перне	Сипаттама
	f1	Windows амалдық жүйесі мен компьютер, сұраптарға жауаптар, оқулыктар мен компьютер үшін жаңартулар туралы ақпаратты қамтитын анықтама және колдау орталығын ашады.  Сонымен катарап, анықтама және колдау орталығы ақаулықтарды автоматты түрде жою күралдарын және колдау көрсету орталығымен хабарласу үшін сілтемелер ұсынады.
	f2	Бұл пернені басып тұрғанда экран жарықтығы кадам бойынша төмендетіледі.
	f3	Бұл пернені басып тұрғанда, экран жарықтығы кадам бойынша жогарылатылады.
	f4	Жүйеге косылған дисплейлердің арасында экран суретін ауыстырып көрсетеді. Мысалы, егер монитор компьютерге косылған болса, осы перне басылғаннан кейін экран кескіні компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырылып, компьютер мен монитордың екеуінде көрсетіледі.
	f5	Таңдаулы үлгілерде пернетактаның жарықтандырығышы функциясын өшіруге немесе косуға мүмкіндік береді.  <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Бұл мүмкіндікті батарея зарядын үнемдеу үшін өшіріңіз.
	f6	Үндептіш дыбысын өшіреді немесе қайта косады.
	f7	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда үндептіштің дыбыс деңгейін кадам бойынша төмендетеді.
	f8	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда үндептіштің дыбыс деңгейін кадам бойынша жогарылатады.
	f9	Аудио ықшам дискідегі алдыңғы жолды немесе DVD немесе BD дискісіндегі алдыңғы бөлімді ойнатады.
	f10	Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискісін ойнатады, уақытша тоқтатады немесе ойнатуды жалғастырады.
	f11	Аудио ықшам дискідегі келесі жолды, ал DVD немесе BD дискілерінде келесі бөлімді ойнатады.
	f12	Сымсыз байланыс мүмкіндігін косады немесе ажыратады.  <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Сымсыз байланысты орнату үшін сымсыз желі де орнатылуы қажет.

## Windows жүйесінің пернелер тіркесімдерін пайдалану

Windows жүйесі әрекеттерді жылдам орындау үшін пернелер тіркесімдерін қамтамасыз етеді. Арнайы әрекетті орындау үшін, Windows пернесінің өзін немесе арнайы пернемен бірге басыңыз.

## Пernелер тіркесімдерін пайдалану

Жылдам перне - **fn** пернесі мен **esc** немесе **b** пернелерінің тіркесімі.

Пернелер тіркесімін пайдалану үшін:

- ▲ **fn** пернесін басып қалып, пернелер тіркесімінің екінші пернесін басып қалыңыз.

## Кірістірлген сандық пернетақтаны пайдалану

Компьютерде кірістірлген сандық пернетақта болады, сондай-ақ компьютермен қосымша сыртқы сан пернетақтасын немесе сан пернетақтасы бар қосымша сыртқы пернетақтаны да колдануға болады. Кірістірлген сандық пернетақта туралы ақпаратты [Пернелер \(15-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

Бөлік	Сипаттама
num lock пернесі	<p>Кірістірлген сан пернетақтасының жұмысын баскарады. Сыртқы пернетақтаның стандартты сан функциясы (бул мүмкіндік зауытта қосылған) мен жылжу функциясын (пернелердегі бағыттау көрсеткілерімен белгіленген) аудыстырып қосу үшін осы пернені басыңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Компьютер өшірілгенде белсенді болып тұрған пернетақта функциясы компьютер қайта қосылғанда қалпына келеді.</p>
Кірістірлген сандық пернетақта	<p>Зауытта сыртқы сандық пернетақта ретінде қызмет ету үшін орнатылған. Сан функциясы мен жылжу функциясын (пернелердегі бағыттау көрсеткілерімен белгіленген) аудыстыру үшін, <b>num lock</b> пернесін басыңыз.</p>

## 6 Қуат басқару

Бұл компьютер батарея қуатымен немесе сыртқы қуат көзіне косу арқылы жұмыс істейді. Егер компьютер батарея қуатымен жұмыс істейтін болса және батареяны зарядтау үшін оны АТ қуат көзіне жалғау мүмкін болмаса, батарея зарядын бақылау және үнемдеу өте маңызды. Қуат үнемделіп тұрған компьютер жұмысын реттеу максатымен компьютердің қуат пайдалану және үнемдеу жолын басқару үшін компьютерде оңтайлы қуат жоспары қолданылады.

### Ұйқы немесе құту күйін қосу

Microsoft® Windows жүйесінде қуат үнемдеуге арналған ұйқылық қүй және құту күйі бар.

- Ұйқылық - ұйқы күйі не батарея қуатымен, не сыртқы қуатпен істеп тұрғанда бос тұрғаннан кейін автоматты қосылады. Жұмысының жадқа сақталады және ұйқылық қүйден шығу жылдам іске асырылады. Сонымен қатар, ұйқылық қүйді қолмен қоса аласыз. Қосымша ақпаратты [Ұйқы күйін қолмен бастау және шығу \(43-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.
- Құту күйі - құту күйі батарея өте төмен заряд деңгейіне жеткенде автоматты қосылады. Құту күйі қосылғанда, жұмысының қатты дискідегі құту файлына сақталады және компьютер өшіріледі.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Құту күйін қолмен қосуға болады. [Ұйқы күйін қолмен бастау және шығу \(43-бет\)](#) және [Құту күйін қолмен бастау және шығу \(тек тандаулы үлгілерде\) \(44-бет\)](#) бөлімдерінен қараңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Аудио және видео файлдарын ойнатудың мүмкін нашарлауы, аудио немесе бейне ойнату жұмысының жоғалуы немесе ақпараттың жоғалу қаупін азайту үшін, дискіден не сыртқы медиа картасынан оку немесе оған жазу кезінде ұйқы күйін қоспаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер ұйқы күйінде немесе құту күйінде болғанда, желіге қосылудың кез келген түрін қосуды немесе компьютердің кез келген функцияларын орындаі алмайсыз.

### Ұйқы күйін қолмен бастау және шығу

Келесі жолдардың кез келгені арқылы ұйқы күйін бастауға болады:

- Дисплейді жабыңыз.
- Шебер түймелерді көрсету үшін, мензерді бастау экранының жоғары немесе төменгі оң жақ бұрышына жылжытыңыз. **Параметры** (Параметрлер), одан кейін **Питание** (Қуат) белгішесін таңдаңыз және **Спящий** (Ұйқы күйі) параметрін басыңыз.

Ұйқылық қүйден шығу үшін:

- Қуат түймешігін тез басып қалыңыз.
- Егер экран сөніп тұрса, оны қосыңыз.
- Пернетақтадағы пернені басыңыз.
- Сенсорлы тақтаны түртіңіз немесе саусақпен үстінен жүргізіп өтіңіз.

Компьютер ұйқы режимінен шыққанда электр қуатының шамдары жанып, экран көрсетіледі.



**ЕСКЕРТПЕ:** Егер оянған кезде, құпия сөз сұралатында орнатылған болса, жұмысты компьютерде жалғастыру үшін, Windows құпия сөзін енгізу қажет болады.

## Күту қүйін қолмен бастау және шығу (тек таңдаулы үлгілерде)

Пайдаланушы арқылы қосылатын күту қүйін косу және басқа қуат параметрлері мен күту үзілістерін өзгерту үшін «Қуат параметрлері» пәрменін пайдаланыңыз.

1. Бастау экранында параметры питания (қуат параметрлері) сөздерін теріңіз, содан **Параметры питания** (Қуат параметрлері) тармағын таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтадан **Укажите действие кнопки питания** (Қуат түймешігінің әрекетін таңдаңыз) сілтемесін нұқтыңыз.
3. **Изменение параметров, недоступных в данный момент** (Қазіргі уақытта кол жетімді емес параметрлерді өзгерту) параметрін таңдаңыз.
4. При нажатии кнопки питания (Қуат түймешігін баскан кезде) аймағында **Гибернация** (Күту) қүйін таңдаңыз.
5. Сохранить изменения (Өзгертулерді сақтау) параметрін таңдаңыз.

Компьютер күту режимінен шыққанда электр қуатының шамдары жанып, экран көрсетіледі.



**ЕСКЕРТПЕ:** Егер оянған кезде, құпия сөз сұралатында орнатылған болса, жұмысты жалғастыру үшін, Windows құпия сөзін енгізу қажет болады.

## Оянған кезде сұралатын құпия сөзбен қорғау

Компьютер ұйқылық немесе күту қүйінен шыққанда, компьютерде құпия сөз сұралуын орнату үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранында параметры питания (қуат параметрлері) сөздерін теріңіз, содан **Параметры питания** (Қуат параметрлері) тармағын таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтадан **Запрашивать пароль при пробуждении** (Оянғанда құпия сөз сұрай) тармағын таңдаңыз.
3. **Изменение параметров, недоступных в данный момент** (Қазіргі уақытта кол жетімді емес параметрлерді өзгерту) параметрін таңдаңыз.
4. **Запрашивать пароль (рекомендуется)** (Құпия сөз сұрай (ұсынылады)) параметрін таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Пайдаланушы есептік жазбасының құпия сөзін жасау немесе ағымдағы құпия сөзді өзгерту қажет болса, **Создание или изменение пароля учетной записи пользователя** (Пайдаланушы жазбасының құпия сөзін жасау немесе өзгерту) тармағын таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Пайдаланушы есептік жазбасының құпия сөзін жасау немесе өзгерту қажет болмаған жағдайда, 5-қадамға өтіңіз.

5. Сохранить изменения (Өзгертулерді сақтау) параметрін таңдаңыз.

## Қуат көрсеткішін және қуат параметрлерін қолдану

Қуат көрсеткіші Windows жұмыс үстелінде орналасқан. Қуат көрсеткіші қуат параметрлеріне жылдам кіруге және қалған батарея зарядын кіруге мүмкіндік береді.

- Батарея зарядының қалған деңгейін және Windows жұмыс үстелінде орналасқан ағымдағы қуат жоспарын экранда көру үшін, меңзерді қуат көрсеткіші белгішесінің үстінен жүргізіліз.
- Қуат параметрлерін пайдалану үшін, қуат көрсеткіші белгішесін басып, тізімнен бір тармақты таңдаңыз. Бастау экранында параметры питания сөздерін төріңіз, содан **Параметры питания** (куат параметрлері) тармағын таңдаңыз.

Әртүрлі қуат көрсеткішінің белгішелері компьютердің батарея қуатымен немесе сыртқы қуатпен жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. «Заряд төмен» деңгейіне немесе «Заряд өте төмен» деңгейіне жеткенде, белгіше хабар шығарады.

## Батареяның қуатымен жұмыс істеу

Зарядталған батарея компьютерде болғанда және компьютер сыртқы қуатқа жалғанбаған кезде, компьютер батарея қуатында жұмыс істейді. Егер компьютерде зарядталған батарея орнатылған болса және айнымалы ток адаптері компьютерден ажыратылған болса, компьютер батарея қуатына автоматты тұрде ауысады және экран жарықтығы батареяның қызмет көрсету мерзімін арттыру үшін азайтылады. Компьютер өшірілгенде және сыртқы қуаттан ажыратылғанда компьютердегі батарея жайлап таусылады.

Куатты басқару параметрлеріне, компьютерде ашылған бағдарламаларға, экранның жарықтығына, компьютерге жалғанған сыртқы құрылғыларға және басқа да себептерге байланысты компьютер батареясының жұмыс мерзімі әртүрлі болады.

## Пайдаланушы ауыстыратын батареяны шығару


**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Үкітимал қауіпсіздік мәселелерін азайту үшін, компьютермен бірге берілген пайдаланушы ауыстыратын батареяны, HP компаниясы ұсынатын ауыстыру батареясын немесе HP компаниясынан сатып алған үйлесімді батареяны пайдаланыңыз.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Компьютердің жалғыз қуат көзі болып табылатын пайдаланушы арқылы ауыстырылатын батареяны шығарып алу ақпараттың жоғалуын тудыруы мүмкін. Ақпараттың жоғалуына жол бермеу үшін, батареяны шығарып алмас бұрын, жұмысыныңда сақтаңыз немесе компьютерді Windows жүйесі арқылы өшіріп тастаңыз.

1. Компьютерді тегіс жерге теріс аударып қойыңыз.
2. Батареяны шығару үшін, батареяны құлыштау ысырмасын (1), одан кейін батареяны шығару ысырмасын (2) сырғытыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Батареяны бекіту сырғытпасы автоматты тұрде бастапқы орнына түседі.

3. Батареяны (3) жоғары қарай бұрып, компьютерден (4) шығарып алыңыз.



## Батарея туралы ақпаратты табу

Батареяның күйін бақылау үшін немесе батареяның заряды тез бітетін болса, HP Support Assistant (HP қолдау көмекшісі) ішінде Battery Check (Батарея тексеру) бағдарламасын іске қосыңыз. Батарея туралы ақпаратты қарау үшін, бастау экранында поддержка (колдау) сезін теріп, **HP Support Assistant** бағдарламасын таңдап, **Аккумулятор и производительность** (Батарея және өнімділік) пәрменін таңдаңыз.

HP Support Assistant (HP қолдау көмекшісі) бағдарламасы мына құралдармен және батарея туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді:

- Батареяны тексеру
- Батареяның түрлері, сипаттамалары, батареяның қызмет ету мерзімдері және сыйымдылығы туралы ақпарат

## Батарея қуатын ұнемдеу

Батарея қуатын ұнемдеуге және батареяның қызмет ету мерзімін ұзартуға қатысты келесі көңестерді пайдаланыңыз:

- Экранның жарықтығын төмендетіңіз.
- Параметры электропитания (Куат параметрлері) ішінен **Power saver** (Куат ұнемдегіші) параметрін таңдаңыз.
- Пайдаланушы арқылы ауыстырылатын батареяны 2 аптадан астам уақыт ішінде қолданыста болмаған немесе зарядталмаған компьютерден шығарып алыңыз.
- Пайдаланбаған кезде сымсыз құрылғыларды өшіріңіз.
- USB портына қосылған сыртқы қатты диск сияқты сыртқы қуат көзіне жалғанбаған пайдаланылмайтын сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
- Пайдаланбаған кез келген сыртқы мультимедиа карталарының жұмысын тоқтатыңыз, оларды өшіріңіз немесе шығарып алыңыз.
- Жұмысты тоқтатпас бұрын, үйкілік күйді қосыңыз немесе компьютерді өшіріңіз.

## Батарея зарядының төмен деңгейлерін анықтау

Компьютердің жалғыз қуат көзі болатын батарея заряды төмен батарея деңгейіне жеткенде, батарея шамы жыптылықтайды.

- Батарея шамы (тек таңдаулы ұлгілерде) батарея зарядының төмен немесе тым төмен деңгейін көрсетеді.
  - немесе -
- Windows жұмыс үстеліндегі қуат көрсеткішінің белгішесі төмен немесе өте төмен заряд деңгейі туралы хабарландыру береді.



**ЕСКЕРТПЕ:** Қуат көрсеткіші туралы қосымша ақпарат алу үшін, [Қуат көрсеткішін және қуат параметрлерін колдану \(44-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Оте төмен батарея деңгейі кезінде компьютер төмендегі әрекеттерді орындаиды:

- Күту күйі ажыратылған кезде және компьютер қосулы немесе үйқылық күйде тұрғанда, компьютер қысқа уақытқа үйқы күйіне өтеді және одан кейін өshedі. Барлық сақталмаған ақпарат жоғалады.
- Күту күйі қосылған кезде және компьютер қосулы немесе үйқылық күйде тұрғанда, компьютерде күту күйі іске қосылады.

## Төмен батарея деңгейі мәселесін шешу

### Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу

- Айнымалы ток адаптерін қосыңыз.
- Қосымша кондыру немесе кеңейту құрылғысын жалғаңыз.
- НР компаниясынан қосалқы құрал ретінде сатып алғынатын қосымша қуат адаптерін қосыңыз.

### Ешқандай қуат көзі болмағанда төмен батарея деңгейін шешу

Жұмысынызды сақтап, компьютерді өшіріңіз.

### Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу

Күту күйінен шығу үшін компьютерде кажетті қуат жетпеген кезде, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Пайдаланушымен ауыстырылатын заряды таусылған батареяны зарядталған батареямен ауыстырыңыз немесе айнымалы ток адаптерін компьютерге және сыртқы қуат көзінә қосыңыз.
2. Қуат түймешігін басып күту күйінен шығыңыз.

## Пайдалануши ауыстыратын батареяны сақтау



**ЕСКЕРТУ:** Батареяны зақымдамау үшін оны ұзақ уақыт бойы жоғары температурада сақтамаңыз.

Компьютеріңіз екі аптадан астам пайдаланылмайтын және сыртқы қуат көзіне жалғанбайтын болса, қызмет мерзімін арттыру үшін батареяны шығарып алыш, салқын және құрғак жерде бөлек сақтаңыз.

Сақталған батареяны әрбір 6 ай сайын тексеру қажет. Егер сыйымдылығы 50 пайыздан төмен болса, қайта сақтаудан бұрын батареяны қайта зарядтаңыз.

## Пайдаланушы аудыстыратын батареяны тастау

**АБАЙ БОЛЫҚЫЗ!** Орт шығу немесе күйіп қалу қаупін азайту үшін батареяны бөлшектеменіз, бұзбаныз немесе теспеніз; сыртқы түйіспелерді қысқа тұйықтамаңыз; отқа немесе суға тастамаңыз.

Батареяны дұрыс тастау туралы ақпаратты Зандық, қауіпсіздік және қоршаған орта ескертүлөрі бөлімінен қараңыз. Осы нұсқаулықты ашу үшін, Пуск (Бастау) экранына поддержка (колдау) сөзін теріп, **HP Support Assistant** (HP колдау көмекшісі) бағдарламасын таңдаңыз.

## Пайдаланушы аудыстыратын батареяны аудыстыру

Ішкі бөлім дұрыс зарядталмаған кезде немесе батарея сыйымдылығы «әлсіз» жағдайға жеткенде, HP Support Assistant (HP колдау көмекшісі) бағдарламасының Battery Check (Батареяны тексеру) құралы батареяны аудыстыру қажеттігі туралы ескертеді. Батарея HP компаниясының кепілдігімен қамтамасыз етілген жағдайда, нұсқаулардың ішінде кепілдік нөмірі болады. Аудыстыру батареясына тапсырыс беру туралы қосымша ақпарат беретін HP компаниясының веб-торабына сілтейтін хабарлама пайдаланылады.

## Сыртқы айнымалы ток қуатын іске қосу

Айнымалы ток көзіне қосу туралы ақпаратты компьютер қорабының ішіндегі Орнату нұсқаулары постерінен қараңыз.

Мақұлданған айнымалы ток адаптері немесе қосымша қондыру/кенейту құрылғысы арқылы сырттағы айнымалы қуат көзіне жалғанған компьютер батарея қуатымен жұмыс істемейді.

**АБАЙ БОЛЫҚЫЗ!** Мүмкін сақтық шараларына катысты мәселелерді болдырмау үшін, компьютермен қамтамасыз етілетін айнымалы ток адаптерін, HP қамтамасыз ететін аудыстырыш айнымалы ток адаптерін немесе HP компаниясынан сатып алған айнымалы ток адаптерін ғана пайдаланыңыз.

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде компьютерді сыртқы айнымалы ток қуатына қосыңыз:

**АБАЙ БОЛЫҚЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда компьютер батареясын зарядтамаңыз.

- Батареяны зарядтағанда немесе тексергенде.
- Жүйелік бағдарламалық құралды орнатқанда немесе өзгертуенде.
- Ақпаратты дискіге жазғанда (тек таңдаулы үлгілерде).
- Ішкі қатты дискілері бар компьютерлерде Disk Defragmenter (Диск дефрагментаторы) бағдарламасы іске қосылғанда.
- Сақтық көшірме жасағанда немесе қалпына келтіргенде.

Компьютер сыртқы айнымалы ток қуат көзіне жалғанған кезде:

- Батарея зарядтала бастайды.
- Экран жарықтығы жоғарылайды.
- Windows жұмыс үстеліндегі қуат көрсеткіші белгішесінің көрінісі өзгереді.

Компьютерді сыртқы айнымалы токтан ажыратқанда, төмендегі жағдайлар туындаиды:

- Компьютер батарея қуатына көшеді.
- Батареяның қызмет ету мерзімін сактау үшін, экран жарықтығы автоматты тұрде азаяды.
- Windows жұмыс үстеліндегі қуат көрсеткіші белгішесінің көрінісі өзгереді.

## Қуат мәселелерін шешу

Айнымалы ток қуат көзіне жалғанған компьютерде мына жағдайлар орын алса, айнымалы ток адаптерін тексеріңіз:

- Компьютер қосылмайды.
- Дисплей қосылмайды.
- Қуат шамдары жанбайды.

Айнымалы ток адаптерін тексеру:

1. Компьютерді сөндіріңіз.
  2. Айнымалы ток адаптерін компьютерге және ауыспалы ток розеткасына жалғаңыз.
  3. Компьютерді қосыңыз.
- Қуат шамдары жанса, айнымалы ток адаптері дұрыс істеп тұр.
  - Қуат шамдары өшіп тұrsa, айнымалы ток адаптері мен компьютер арасындағы және айнымалы ток адаптері мен розетка арасындағы қосылысты тексеріңіз.
  - Байланыс дұрыс орнатылған, бірақ қуат шамдары сонда да өшіп тұrsa, айнымалы ток адаптері істемей тұр және оны ауыстыру қажет.

Айнымалы ток адаптерінің алмастырылуы туралы ақпарат алу үшін, қолдау орталығына хабарласыңыз.

## HP CoolSense (тек таңдаулы үлгілерде)

HP CoolSense  компьютердің көлденең беткейде тұрмаганын автоматты тұрде анықтап, бет температурасын қажетті қолайлылық деңгейінде ұстап тұру үшін жұмыс пен желдеткіш параметрлерін реттей бастайды.

HP CoolSense функциясы өшірілген кезде, компьютердің тұрақты орында тұрмаганы анықталмайды, жұмыс пен желдеткіш параметрлері зауыттық күйде сакталады. Нәтижеде, HP CoolSense арқылы реттелетін деңгеймен салыстырғанда компьютердің бет температурасы жоғары болуы мүмкін.

CoolSense өшіру немесе қосу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- ▲ Бастау экранында coolsense деп теріп, одан кейін HP CoolSense тармағын таңдаңыз.

## Компьютерді өшіру (сөндіру)

**! ЕСКЕРТУ:** Компьютер өшірілген кезде сакталмаған мәліметтер жойылады. Компьютерді өшірмес бұрын жұмысыныздың сакталғанына көз жеткізіңіз.

Өшіру пәрмені барлық ашық бағдарламаларды жабады, сондай-ақ амалдық жүйені және дисплей мен компьютерді де өшіреді.

Төмөндегі жағдайлардың кез келгенінде компьютерді өшіріңіз:

- Батареяны ауыстыру немесе компьютер ішіндегі бөліктерді қолдану қажет болғанда
- USB немесе бейне портына жалғанбайтын сыртқы жабдықты жалғағанда
- Компьютер ұзақ уақыт бойы пайдаланылған немесе сыртқы қуат көзінен ажыратылған кезде

Компьютерді қуат түймешігі арқылы да өшіруге болатынымен, ұсынылатын үрдіс Windows жүйесінің Завершение работы (Жұмысты аяқтау) пәрменін қолдану болып табылады:

 **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер үйқылық немесе құту күйінде болғанда, жұмысты аяқтамас бұрын, қуат түймешігін басып қалу арқылы үйқылық немесе құту күйінен шығу қажет.

1. Жұмысынызды сақтап, барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
2. Шебер түймелерді көрсету үшін, меңзерді бастау экранының жоғары немесе төменгі оң жақ бұрышына жылжытыңыз.
3. Параметры (Параметрлер), одан кейін Питание (Қуат) пәрмендерін таңдаңыз және Завершение работы (Жұмысты аяқтау) параметрін басыңыз.  
- немесе -

Экранның төменгі сол жақ бұрышындағы Пуск (Бастау) түймесін оң жақ түймешікпен басып, Завершение работы (Жұмысты аяқтау) немесе Выйти из системы (Жүйеден шығу) тармағын, сосын Завершение работы (Жұмысты аяқтау) пәрменін таңдаңыз.

Компьютер жауап бермесе және жұмысты аяқтаудың алдыңғы процедураларын пайдалану мүмкін болмаса, келесі төтенше жағдай процедураларын көрсетілген кезекпен орындаپ көріңіз:

- **ctrl+alt+delete** пернелерін басып, Питание (Қуат) белгішесін басыңыз, содан кейін Завершение работы (Өшіру) тармағын таңдаңыз.
- Қуат түймешігін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.
- Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.
- Пайдаланушы арқылы ауыстырылатын батареясы бар компьютерден батареяны шығарыңыз.

## Гибрид графикалар және AMD қосарлы графикалары (тек таңдаулы үлгілерде)

Таңдаулы компьютер үлгілерінде гибрид графикалар мүмкіндігі немесе AMD қосарлы графикалары мүмкіндігі орнатылады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Гибрид немесе AMD қосарлы графикалық режимдердің компьютерде орнатылғанын көру үшін, ноутбуктің графикалық процессорының конфигурациясын және Анықтама бағдарламасын қараңыз.

Гибрид немесе AMD қосарлы графикалық режимдердің екеуі де графиканы өндейтін екі режимді ұсынады:

- Жоғары сапалы орындау режимі - бұл режимге арналған қолданбалар жылдам графика өндөу (GPU) құрылғысы арқылы орындалады.
- Қуат үнемдеу режимі - бұл режимде жұмыс істейтін қолданбалар батарея қуатын үнемдеу үшін орындау сапасы төмен графика өндөу (GPU) құрылғысын қолданады.

## Гибрид графикаларды қолдану (тек таңдаулы үлгілерде)

Гибрид графикалық функциялар қолданбаны оның графиканы өңдеу талабына қарай жоғары сапалы орындау режимінде немесе қуат үнемдеу режимінде пайдалану мүмкіндігін ұсынады. Әдетте, 3D және ойын қолданбалары жоғары сапалы графика өңдеуді (GPU) режимінде, ал салмағы женілдеу графика өңдеуді қажет ететін қолданбалар сапасы төмен графика өңдеу режимінде жұмыс істейді. Қолданбаға қажетті режимді (жоғары сапалы немесе қуат үнемдеу) гибрид графикасын басқару панелі арқылы таңдауға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Құрылғының шектеулеріне байланысты кейбір қолданбалар екі режимнің біреуін ғана қолдана алады.

Қосымша ақпарат алу үшін, гибрид графикалық режимдер бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

## AMD қосарлы графикалық режимдерді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

AMD қосарлы графикалық режим AMD тездетілген өңдеу блогын және дискретті AMD сызбалар картасын бірге пайдалануға мүмкіндік береді. AMD қосарлы графикалық режим қосылған кезде, графика өнімділігін жақсарту графикалық құрылғылардың біреуіне ғана қатысты қолданылады. Толық экранды DirectX 10 немесе 11 (DX10 және DX11) нұсқалы бағдарламаларға қатысты бұл жақсарту қолданылады. Терезеде ашқанда немесе DX10/11 нұсқаларынан басқа бағдарламаларда ашқанда, амалдық жүйе гибрид графикалық режимге үксас жұмыс істейді.

Қосымша ақпаратты AMD қосарлы графикалық режим бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

## 7 Компьютерге техникалық қызмет көрсетеу

Компьютерді оңтайлы қүйде сақтау үшін, оған жүйелі түрде техникалық қызмет көрсетеу маңызды болып табылады. Бұл тарауда Disk Defragmenter (Диск дефрагментаторы) және Disk Cleanup (Дискіні тазалау) сияқты құралдарды пайдалану және қатты дискін ауыстыру не жад қосу амалдарын орындау арқылы компьютер жұмысын жақсарту туралы ақпарат беріледі. Сонымен қатар, бұл тарауда бағдарламалар мен дискілерді жаңарту туралы ақпарат, компьютерді тазалау нұсқаулары және компьютермен сапар шегу бойынша кеңестер қамтылған.

### Компьютер жұмысын жақсарту

Барлығымыз компьютердің тез жұмыс істегенін қалаймыз. Жүйелі түрде қызмет көрсетеу тапсырмаларын орындау, Дефрагментация диска (Дискіні дефрагментациялау) және Очистка диска (Дискіні тазалау) сияқты құралдарды пайдалану арқылы компьютердің жұмысын біршама өзгертуге болады. Сонымен қатар, компьютер ескірген болса, үлкенірек дискілерді орнату және көбірек жад қосу амалдарын орындауға болады.

### Дискілер ұстау

Дискілермен жұмыс істегендеге, мына сақтық шараларын қадағалаңыз.

- Диск жетегін шығару немесе орнатудың алдында компьютерді өшіріңіз. Компьютердің өшірулі, ұйқы қүйінде немесе құту қүйінде болғанын білмеген жағдайда, компьютерді қосыңыз да, өшіріңіз.
- Қатты дискіні ұстағанда, жерге тұйықталған беткейге қолыңызды тигізіп, жиналған статикалық токтан құтылып алыңыз.
- Алынатын дискжетегіндегі немесе компьютердегі қосқыш істікшелерді ұстамаңыз.
- Дискіні дискжетегінің ұсына салған кезде шамадан тыс күш қолданбаңыз.
- Дискжетегін поштамен жөнелту қажет болғанда, диск жетегін мөлдір пошта буласына немесе басқа сәйкес қорғаныс буласына салыңыз және бумаға "FRAGILE" (Сынғыш) белгісін жапсырыңыз.
- Дискінің магнитті өрістерге қойылмауын қадағалаңыз. Магнитті өрісі бар қауіпсіздік құрылғылары әуежайдығы құрылғылар мен қауіпсіздік бағандарында болады. Жолаушылар жүктөрін тексеруге арналған әуежайлардағы белдікті конвейерлер және олар сияқты қауіпсіздік құрылғылары магниттік өрістің орнына рентген сәулелерін қолданады да, дискілерге зиян келтірмейді.
- Дискжетегін диск жетегінің ұсынан алмас бұрын немесе онымен саяхатқа, кемемен қыдырғанда немесе дискжетегін сақтағанда, медиа құралын шығарып алыңыз.
- Оптикалық диск жетегі дискіге жазып жатқанда, компьютердің пернетақтасын баспаңыз немесе компьютерді жылжытпаңыз. Жазу процесі тербелістерге сезімтал болады.
- Сыртқы қатты дискіге қосылған компьютерді козғамас бұрын, ұйқы қүйін қосып, экранның өшірілуіне мүмкіндік беріңіз немесе сыртқы қатты дискіні дұрыс ажыратыңыз.

## HP 3D DriveGuard пайдалану

Төмөнделгі жағдайлардың біреуі орын алса, HP 3D DriveGuard бағдарламасы дискіні өшіру және дерек сұрауларын тоқтату арқылы қатты дискіні қорғайды:

- Сіз компьютеріңізді құлатып алдыңыз.
- Батарея қуатынан қосылып тұрған компьютерді оның дисплейі жабулы қүйінде жылжытасыз.

Бұл оқиғалардың біреуі аяқталғаннан кейінгі қысқа мерзімде HP 3D DriveGuard қатты дискіні қалыпты жұмыс жағдайына қайтарады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Қатты қүйдегі дисктің (SSD) қозғалатын бөліктері болмағандықтан, оны HP 3D DriveGuard арқылы қорғаудың қажеті жок.



**ЕСКЕРТПЕ:** Бастапқы қатты диск ұясындағы немесе қосымша ұясындағы қатты дискілер HP 3D DriveGuard арқылы қорғалады. Қосымша қондыру құрылғысына орнатылған немесе USB портына қосылған қатты диск HP 3D DriveGuard арқылы қорғалмайды.

Қосымша ақпаратты HP 3D DriveGuard бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

## HP 3D DriveGuard қүйін анықтау

Компьютердегі қатты диск шамы бастапқы қатты диск ұясындағы және (немесе) қосымша қатты диск ұясындағы (тек таңдаулы үлгілерде) дискінің қауіпсіз позицияға орнатылғанын көрсету үшін түсті өзгертеді. Дискілердің казіргі уақытта корғалып тұрғанын немесе дискінің қауіпсіз позицияға орнатылғанын анықтау үшін, Windows жұмыс үстеліндегі тапсырмалар тақтасының он жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы немесе Мобильділік орталығындағы белгішені басыңыз.

## Дискіні дефрагментациялау құралын пайдалану

Компьютерді біраз уақыт пайдаланғанда, қатты дискідегі файлдар фрагменттеліп қалады. Фрагменттелген диск дегеніміз дискідегі деректер қатар (бірізді) орналаспаған, сондықтан, қатты диск файлдарды табу үшін күштірек жұмыс істеп, бұл өз кезегінде, компьютер жұмысын баяулатады. Амалдық жүйе тиімді жұмыс істеуі үшін, Disk Defragmenter (Диск дефрагментаторы) құралы қатты дискідегі фрагменттелген файлдар мен қалталарды қайта біріктіреді (немесе физикалық түрде қайта орналастырады).



**ЕСКЕРТПЕ:** Дискіні дефрагментациялау құралын жартылай өткізгіш диск жетектерінде істету қажет емес.

Дискіні дефрагментациялау құралы басталғаннан кейін, ол қараусыз жұмыс атқарады.

Дегенмен, қатты дискінің өлшеміне және фрагменттелген файлдар санына байланысты, Disk Defragmenter құралының жұмысы аяқталуы үшін бір сағаттан көп уақыт кетуі мүмкін.

HP қатты дискіні кем дегенде айна бір рет дефрагментациялауды ұсынады. Дискіні дефрагментациялау құралының жұмысын айлық жоспарға орнатсаныз болады, бірақ дефрагментациялауды кез келген уақытта қолмен жасауға да болады.

Дискіні дефрагментациялау құралын іске қосу:

1. Компьютерді айнымалы ток көзіне қосыңыз.
2. Бастау экранында дефрагментация деп жазып, содан кейін **Дефрагментация и оптимизация ваших дисков** (Дискілерді дефрагментациялау және оңтайландыру) тармағын таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін, дискіні дефрагментациялау бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

## Дискіні тазалау құралын пайдалану

Қатты дискідегі орынды босатып, компьютер жұмысының тиімділігін арттыру үшін, Disk Cleanup құралы қатты дискіден қауіпсіз жоюға болатын файлдарды іздеп табады.

Дискіні тазалау құралын қосы:

1. Бастау экранында освобождение места на диске деп жазып, содан кейін **Освобождение места на диске за счет удаления лишних файлов** (Қажетсіз файлдарды жою арқылы дискіде орын босату) тармағын таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

HP компаниясы бағдарламалар мен драйверлерді жүйелі түрде соңғы нұсқалармен жаңартуды ұсынады. Жаңартулар мәселелерді шешіп, компьютерге жаңа мүмкіндіктер мен опциялар қосуы мүмкін. Технологиялар әрдайым жаңарып отырады, сондықтан, бағдарламалар мен дискілерді жаңарту компьютерге ең соңғы технологиялармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мысалы, ескі графикалық құрамадас бөліктер ең соңғы ойын ойнау бағдарламалық құралдарымен дұрыс жұмыс істемеүі мүмкін. Ең соңғы диск нұсқасы болмаса, жабдықтың барлық мүмкіндіктерін пайдалана алмайсыз.

HP бағдарламалары мен дискілерінің ең соңғы нұсқаларын жүктеп алу үшін, <http://www.hp.com/support> торабына өтіңіз. Бұған коса, жаңартулардың бар екені туралы ескертулерді автоматты түрде алу үшін тіркеліңіз.

## Компьютерді тазалау

Компьютерді қауіпсіз түрде тазалау үшін келесі өнімдерді пайдаланыңыз:

- Диметил бензил аммоний хлоридінің 0,3 пайыздық тұнбасы (мысалы, әртүрлі компаниялар шығарған бір рет колданылатын сұрткіштер түрінде).
- Құрамында спирті жоқ әйнек тазалағыш сұйықтық
- Жұмсақ сабын қосылған су
- Құрғақ микроталшықты тазалау шүберегі немесе құдері (майланбаған жұмсақ антистатикалық шүберек)
- Антистатикалық шүберек майлыштар

**ЕСКЕРТУ:** Компьютерді бір жолға закымдауы мүмкін қатты тазартқыш еріткіштерді пайдаланбаңыз. Тазалағыш заттың компьютер үшін қауіпсіз болғанына сенімді болмасаңыз, спирт, ацетон, аммоний хлориді, метиленхлорид және көмірсутектер сияқты ингредиенттердің өнім құрамында жоқ екенін тексеріңіз.

Қағаз орамал сияқты талшықты материалдар компьютерге сызат түсіруі мүмкін. Уақыт өткенде, кір және тазалағыш заттар сызаттарды бітеуі мүмкін.

## Тазалау іс рәсімдері

Осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды компьютерді қауіпсіз тазалау үшін орынданыз.

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток ұзу немесе жабдықтың закымдалуын болдырмау үшін, токқа қосулы компьютерді тазаламаңыз.

- Компьютерді өшіріңіз.
- Айнымалы ток көзінен ажыратыңыз.
- Токқа қосылатын сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Ішкі бөліктерді закымдамау үшін, тазалағыш заттар немесе сұйықтықтарды компьютер беткейіне тікелей шашпаңыз. Бетіне түскен сұйықтықтар ішкі бөліктердің закым алуына әкелуі мүмкін.

## Дисплейді тазалау (көп қызметті компьютерлерде немесе ноутбуктерде)

Дисплейді жұмсақ, талшықтары жоқ, спиртсіз әйнек тазалау құралына малынған шүберекпен жайлап сұртіңіз. Дисплейді жаппай тұрып, оны құрғатып алу керек.

## Компьютердің жақтары немесе қақпағын тазалау

Құрылғының жақтары немесе қақпағын тазалау үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтардың біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, құдеріні немесе бір рет қолданылатын антисептикалық майлышты пайдаланыңыз.

**⚠ ЕСКЕРТПЕ:** Компьютердің бетін тазалау кезінде, ластануды және қоқымдарды кетіру үшін айналма қозғалыстар жасаңыз.

## Сенсорлы тақта, пернетакта немесе тінтуірді тазалау

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ішкі бөлшектерінен ток соғуды болдырмай немесе ішкі бөліктеріне закым келтірмей тазалау үшін шансорғышты қолданбаңыз. Шансорғышты колданғанда пернетакта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналдып қалуы мүмкін.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Ішкі бөліктерді закымдамау үшін, сұйықтықтардың пернелер арасына тамшылап түсуіне жол бермеңіз.

- Сенсорлы тақта, пернетакта немесе тінтуірді тазалау үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтарының біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, құдеріні немесе бір рет пайдаланылатын бір рет қолданылатын майлышты пайдаланыңыз.
- Пернелердің жабысып қалуын болдырмай, пернетактадан шаңды, талшықтарды және қоқымдарды кетіру үшін тұтігі бар қаңылтыр бөтелкедегі қысылған ауаны пайдаланыңыз.

## Компьютерді сапарға алып шығу немесе тасымалдау

Компьютерді сапарға алып шығу немесе тасымалдау керек болса, құрылғыны қорғаудың кейбір кенестерін осы жерден табасыз.

- Компьютерді саяхаттауға немесе тасымалдауға дайындау:

